Результаты изучения экстерьерных показателей рабочих пчел базовых хозяйств по методике Алпатова следует отметить, что у пчелы породы карники длина хоботка находится примерно одинаковой длиной от 6,24 до 6,33 мм независимо от зоны их обитания, по тарзальному индексу и ширине правого крыла имеются незначительные отклонения по зонам разведения, а по остальным показателям существенных различий не установлены.

Благодарность. Научно-исследовательские работы выполнялись в рамках научного проекта прикладных научных исследований в области агропромышленного комплекса на 2021-2023 годы.

Авторы выражают благодарность крестьянским хозяйствам Алматинской и Жетысуской области: ИП «Мукият», ИП «Bee queen», ИП «Гулдала бал ара шаруашылығы», ИП «Глеукан», ИП «Маруп», ИП «Нестеренко», «Жамбо-Тау Бал», учебно-опытная пасека КазНАИУ» за проведение научно-исследовательских работ.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Schneider, S.S. The influence of worker behavior and paternity on the development and emergence of honey bee queens [Text] / S.S. Schneider, G. DeGrandi-Hoffman // *Insectes Sociaux*. – 2002. – № 4. – pp 306-314.
- 2 Strohm, E. Advantages and disadvantages of large colony size in a halictid bee: the queen's perspective [Text] / E. Strohm, A. Bordon-Hauser // *Behavioral Ecology*. – 2003. – № 4. – P. 546-553.
- 3 Tarry, D.R. Levels of selection in a social insect: a review of conflict and cooperation during honey bee (*Apis mellifera*) queen replacement [Text] / D. R. Tarry, D. C. Gilley, T.D. Seeley // *Behavioral Ecology and Sociobiology*. – 2004. – № 6. – pp. 513-523.
- 4 Tofilski, A. Using geometric morphometrics and standard morphometry to discriminate three honey bee subspecies [Text] / A. Tofilski // *Apidologie*. - 2008. -№ 39(5). pp. 558-563. doi: 10.1051/apido:2008037
- 5 Yılmaz, H. Beekeeping and recent colony losses in turkey [Text] / H. Yılmaz, Ç. İbrahim, S. Selvinar // *Uludağ Arıcılık Dergisi Mayıs*. - 2016, -№16 (1). -pp. 31-48.
- Аветисян, Г.А. Карпатские пчелы в Рязанской области [Текст] / Г.А. Аветисян, С.М. Подковко, Угроватов А.П. // *Пчеловодство*. – 1970. – № 9. – С. 18–21.
- 6 Алпатова, В. Классическая морфометрия [Текст] / В. Алпатова // 1948. – 183с.
- 7 Березин, А.С. Методы морфометрии в определении породной принадлежности медоносных пчел [Текст] / А.С. Березин // *Биомика*. - 2019, - С. 167-189.
- 8 Биладш, Г.Д. Календарь пчеловода [Текст] / Г.Д. Биладш, Н.Н. Кривцов, В.И. Лебедев// – М.: Изд-во «Нива России», 1999. – 256 с.
- 9 Кадыкен, Р. Пчеловодство [Текст] / Р. Кадыкен, У.А. Нуралиев // Алматы. Учебник, 2021. -50с.
- 10 Лиманская, В.Б. Природно-климатическое зональное районирование отрасли пчеловодства на западе Казахстана [Текст] / В.Б. Лиманская, У.А. Нуралиева, О.Б. Крупский, А.А. Байсабырова, А.Д. Жумагалиев, К.Е. Мустафин // *Ветеринария и кормление*. 2021, - с 60-65.
- 11 Миятова, А.К. Морфо - биологические и хозяйственно полезные признаки пчелиных семей краинка в частном крестьянском хозяйстве «Добрый мед» Южно-Казахстанской области.

[Текст] / А.К. Миятова, У.А. Нуралиева, В.М. Лукбанов, Р.М. Кумганбаева, // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 85-летию Казахского национального аграрного университета. Алматы. 2015, - с.28-37.

12 Нуралиева, У.А. Особенности экстерьерных и биологических особенностей выращиваемых пчелиных семей юго-восточного региона Казахстана. [Текст] / У.А. Нуралиева // Материалы международной научно-практической конференции по вопросам ветеринарии и животноводства, посвященной 100-летию профессора М. А. Ермекова. – Алматы, 2006. - с.56-58.

13 Нуралиева, У.А. Хозяйственные полезные признаки медоносных пчел в связи с природно-климатическими особенностями региона Юго-Восточного Казахстана [Текст] / У.А. Нуралиева, Г. А. Молдахметова, Ж.А. Кусаинова, Н. Спатай // Наука и образование. 2022.- № 3-2 (68), с.111. file:///C:/Users/User/Downloads/53-41-PB.pdf .

14 Нуралиева, У.А. Экстерьерные признаки и морфологические особенности рабочих карпатских пчел на Юго-Востоке Казахстана. [Текст] / У.А. Нуралиева // Исследования, результаты. - Алматы: КазНАУ. - 2005. - № 3. с.40-42.

15 Нуралиева, У.А., Джетписбаева, Б.Ш., Омарова, К.М. Показатели продуктивности районированных медоносных пчел в Юго-Восточном регионе Казахстана. [Текст]/ У.А. Нуралиева, Б.Ш. Джетписбаева, К.М. Омарова // Многопрофильный научный журнал» *intelligence, idea, innovation - интеллект, идея, инновация*". Костанайский государственный университет имени Ахмета Байтурсынова. №2,2019, июнь (июнь), Костанай, 2019, С. 75-84.

16 Нуралиева, У.А., Таджикиев, К.П., Темирбаева, К.А., Байсабырова, А.А. Морфо-биологические и хозяйственно полезные признаки пчелиных семей в Западно-Казахстанской области. [Текст] / У.А. Нуралиева, К.П. Таджикиев, К.А. Темирбаева, А.А. Байсабырова // Наука и образование. 2019.-№3-2.(68),с.103. <https://ojs.wkau.kz/index.php/gbj/issue/view/53/34>

17 Херольд, Э. Новый курс пчеловодства Основы теоретических и практических знаний [Текст] / Херольд, Э., Вайс, К.// – М.: АСТ, Астрель, 2007. – 368 с.

18 Черевко, Ю.А. Пчеловодство [Текст] / Ю.А. Черевко, Г.А. Аветисян // -М.: ООО «Издательство АСТ», 2003. – 367с.

19 Черевко, Ю.А. Естественный отбор и чистопородное разведение [Текст]/ Ю.А. Черевко // Пчеловодство. 2006. – № 10. – С. 10-12.

## REFERENCES

1 Schneider, S.S. The influence of worker behavior and paternity on the development and emergence of honey bee queens [Text] / S.S. Schneider, G. DeGrandi-Hoffman // *Insectes Sociaux*. – 2002. – № 4. – pp 306-314.

2 Strohm, E. Advantages and disadvantages of large colony size in a halictid bee: the queen's perspective [Text] / E. Strohm, A. Bordon-Hauser // *Behavioral Ecology*. – 2003. – № 4. – P. 546-553.

3 Tarpy, D.R. Levels of selection in a social insect: a review of conflict and cooperation during honey bee (*Apis mellifera*) queen replacement [Text] / D. R. Tarpy, D. C. Gilley, T. D. Seeley // *Behavioral Ecology and Sociobiology*. – 2004. – № 6. – pp. 513-523.

4 Tofilski, A. Using geometric morphometrics and standard morphometry to discriminate three honey bee subspecies [Text] / A. Tofilski // *Apidologie*. - 2008. -№ 39(5). pp. 558-563. doi: 10.1051/apido:2008037

5 Yilmaz, H. Beekeeping and recent colony losses in turkey [Text] / H. Yilmaz, Ç. İbrahim, S. Selvinar // *Uludağ Arıcılık Dergisi Mayıs*. - 2016, -№16 (1). -pp. 31-48.

Аветисян, Г.А. Карпатские пчелы в Рязанской области [Текст] / Г.А. Аветисян, С.М. Подковко, Угроватов А.П. // Пчеловодство. – 1970. – № 9. – С. 18–21.

6 Avetisyan, G.A. Karpatskie pchely v Ryazanskoj oblasti [Tekst] / Avetisyan G.A., Podkovko S.M., Ugrovatov A.P. // *Pchelovodstvo*. – 1970. – № 9. – S. 18–21.

7 Alpatova, V. Klassicheskaya morfometriya [Tekst] / V. Alpatova // 1948. – 183с.

8 Berezin, A.S. Metody morfometrii v opredelenii porodnoj prinadlezhnosti medonosnyh pchel [Tekst] / A.S. Berezin // *Biomika*. - 2019, - S. 167-189.

9 Bilash, G. D., Krivcov, N. N., Lebedev, V. I. Kalendar' pchelovoda Berezin, A.S. [Tekst] / G. D. Bilash, N. N. Krivcov, V. I. Lebedev // *Kalendar' pchelovoda Berezin, A.S.* – М.: Izd-vo «Niva Rossii», 1999. – 256 с.

- 10 Kadyken, R. Pchelovodstvo [Tekst] / R. Kadyken, U.A. Nuralieva // Almaty. Uchebnik, 2021. -50s.
- 11 Limanskaya, V.B. Prirodno-klimaticheskoe zonal'noe rajonirovanie otrasli pchelovodstva na zapade Kazahstana [Tekst] / V.B. Limanskaya, U.A. Nuralieva, O.B. Krupskij, A.A. Bajsabyrova, A.D. ZHumagaliev, K.E. Mustafin // Veterinariya i kormlenie. 2021, - s 60-65.
- 12 Miyatova, A.K. Morfo - biologicheskie i hozyajstvenno poleznye priznaki pchelinyh semej krainka v chastnom krest'yanskom hozyajstve «Dobryj med» YUzhno-Kazahstanskoy oblasti. [Tekst] / A.K. Miyatova, U.A. Nuralieva, V.M. Lukbanov, R.M. Kumganbaeva //Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii, posvyashchennoj 85-letiyu Kazahskogo nacional'nogo agrarnogo universiteta. Almaty. 2015, - s.28-37.
- 13 Nuralieva, U.A., Osobennosti ekster'ernyh i biologicheskikh osobennostej vyrashchivaemyh pchelinyh semej yugo-vostochnogo regiona Kazahstana [Tekst] / U.A. Nuralieva // Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii po voprosam veterinarii i zhivotnovodstva, posvyashchennoj 100-letiyu professora M. A. Ermekova. – Almaty, 2006. - s.56-58.
- 14 Nuralieva, U.A. Hozyajstvennye poleznye priznaki medonosnyh pchel v svyazi s prirodno-klimaticheskimi osobennostyami regiona YUgo-Vostochnogo Kazahstana [Tekst] / U.A. Nuralieva, G. A. Moldahmetova, Zh.A. Kusainova, N. Spataj // Nauka i obrazovanie. 2022.- № 3-2 (68), s.111.
- 15 Nuralieva, U.A., Ekster'ernye priznaki i morfologicheskie osobennosti rabochih karpatskih pchel na YUgo-Vostoke Kazahstana [Tekst] / U.A. Nuralieva // Issledovaniya, rezul'taty. - Almaty: KazNAU.- 2005.- № 3. s.40-42.
- 16 Nuralieva, U.A. Pokazateli produktivnosti rajonirovannyh medonosnyh pchel v YUgo-Vostochnom regione Kazahstana. «Mnogoprofil'nyj nauchnyj zhurnal» intelligence, idea, innovation - intellekt, ideya, innovaciya" [Tekst] / U.A. Nuralieva, B.Sh. Dzhetspisbaeva, K.M. Omarova // Kostanajskij gosudarstvennyj universitet imeni Ahmeta Bajtursynova. №2,2019, iyun' (iyun'), Kostanaj, 2019, S. 75-84.
- 17 Nuralieva, U.A. Morfo-biologicheskie i hozyajstvenno poleznye priznaki pchelinyh semej v Zapadno-Kazahstanskoy oblasti [Tekst] / U.A. Nuralieva, K.P. Tadzhev, K.A. Temirbaeva, A.A. Bajsabyrova // Nauka i obrazovanie. 2019.-№3-2.(68),s.103.
- 18 Herol'd, E. Novyj kurs pchelovodstva. Osnovy teoreticheskikh i prakticheskikh znaniy [Tekst] / E. Herol'd, K. Vajs, // – M.: AST, Astrel', 2007. – 368 s.
- 19 Cherevko, Yu.A. Pchelovodstvo [Tekst] / Cherevko, Yu.A., Avetisyan, G.A.// -M.: ООО «Izdatel'stvo ACT», 2003. – 367s.
- 20 Cherevko, Yu.A. Estestvennyj otbor i chistoporodnoe razvedenie [Tekst]/ Yu.A. Cherevko, // Pchelovodstvo. 2006. – № 10. – S. 10-12.

## **ТҮЙІН**

Бұл мақалада Алматы және Жетісу облыстарының ара шаруашылықтарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары келтірілген. Алматы және Жетісу облыстарының 8 омартасынан бал араларын селекциялау және өсіру бағыттары бойынша зоотехникалық әдістер мен әдістемелерді пайдалана отырып, бал араларының әртүрлі тұқымдарын тұқымдық аудандастыру зерттелді.

Зерттелетін салалардағы ара колонияларының шаруашылыққа - пайдалы белгілері зерттелді. Зерттеу нәтижелері карпат және краиндық араларының тұқымдары бойынша бал өнімділігі мен балауыз өнімділігінде айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екенін көрсетті. Алайда, омартадағы бір ара отбасына есептегенде тауарлық балдың максималды шығымдылығын қамтамасыз ету үшін паратиптік іріктеу жүргізу қажет, оның мақсаты өнімділігі төмен, әлсіз, аналықсыз ара колонияларын жою болып табылады. Алматы және Жетісу облыстарындағы шаруашылықтардың негізгі бағыттары ара өсіру және бал өндіру болып табылатыны анықталды.

Осыған байланысты, аралардың әртүрлі тұқымдарында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері Алматы және Жетісу облыстарының табиғи-климаттық жағдайларында қарқынды өсіру үшін олардың неғұрлым экономикалық тиімдісін анықтауға мүмкіндік берді, сондай-ақ қазақстандық популяциялардың генетикалық әлеуетін сақтауға мүмкіндік туғызып отыр, бұл республикада асыл тұқымды ара шаруашылығын дамыту үшін негіз болады.

ӘОЖ 69.09.07/41  
ҒТАХР 69.31.99/69.25.13

**DOI 10.56339/2305-9397-2023-1-2-158-166**

**Бердіахметқызы С.**, докторант, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-1758-1991>  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71,050040, Алматы қ.,  
Қазақстан, [camal-90.ok@mail.ru](mailto:camal-90.ok@mail.ru)  
**Абдыбекова А. М.**, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, <https://orcid.org/0000-0002-3307-7237>  
«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Райымбек даңғылы 223,050016,  
Алматы қ., Қазақстан, [aida\\_abdybekova@mail.ru](mailto:aida_abdybekova@mail.ru)  
**Абдибаева А. А.**, PhD, <https://orcid.org/0000-0002-4442-1224>  
Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Райымбек даңғылы 223,050016,  
Алматы қ., Қазақстан, [aigerim-aaa@mail.ru](mailto:aigerim-aaa@mail.ru)  
**Жаксылықова А. А.**, <https://orcid.org/0000-0001-8980-8804>  
«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Райымбек даңғылы 223,050016,  
Алматы қ., Қазақстан, [ainusik\\_jan91@mail.ru](mailto:ainusik_jan91@mail.ru)

**Berdiakhmetkyzy S.**, PhD doctoral student, the main author, <https://orcid.org/0000-0003-1758-1991>  
«Al-Farabi Kazakh National University», 71 Al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan, [camal-90.ok@mail.ru](mailto:camal-90.ok@mail.ru)

**Abdybekova A. M.**, Doctor of Veterinary Sciences, professor, <https://orcid.org/0000-0002-3307-7237>

LLP «Kazakh Scientific Research Veterinary Institute», 223 Raimbek Ave., Almaty, Kazakhstan, [aida\\_abdybekova@mail.ru](mailto:aida_abdybekova@mail.ru)

**Abdibaeva A. A.**, PhD doctor, <https://orcid.org/0000-0002-4442-1224>

LLP «Kazakh Scientific Research Veterinary Institute», 223 Raimbek Ave., Almaty, Kazakhstan, 050016, Almaty, Kazakhstan, [aigerim-aaa@mail.ru](mailto:aigerim-aaa@mail.ru)

**Zhaksylykova A. A.**, <https://orcid.org/0000-0001-8980-8804>

LLP «Kazakh Scientific Research Veterinary Institute», 223 Raimbek Ave., Almaty, Kazakhstan, [ainusik\\_jan91@mail.ru](mailto:ainusik_jan91@mail.ru)

## **КІШІ АРАЛ ТЕҢІЗІНДІГІ ТАБАН ЖӘНЕ АҚМАРҚА БАЛЫҚТАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ПАРАЗИТОФАУНАСЫ BIOLOGICAL INDICATORS OF BREAM AND ASP OF THE SMALL ARAL SEA AND THEIR PARASITOFUNA**

### **Аннотация**

Балық шаруашылығы – әлемдегі ең маңызды салалардың бірі болып саналады. Кіші Арал теңізінде жеке аулауды есепке алмағанда, жылына 7 мың тоннаға жуық балық ауланады. Ауланатын құнды кәсіптік балықтардың түрлері - ақмарқа, көксерке, табан және т.б. бар. Әртүрлі балық аурулары өнімділіктің барлық түрін төмендететіні, ал инфекция қарқындылығы жоғары болған жағдайда олардың жаппай қырылуына әкелетіні белгілі. Сондықтан табиғи су айдындарда балық ресурстарын сақтау және көбейту мақсатында кәсіптік балықтардың паразиттік фаунасына зерттеу жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Арал теңізінің солтүстік бөлігін (Кіші Арал) балық шаруашылығы су айдыны ретінде біртіндеп қалпына келтіру жүріп жатыр. Өзгерген экологиялық жағдай организмдердің алуан түрлілігін жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Мақалада 2020 жылы (күзгі және қысқы кезеңдерде) және 2021 жылы (жазғы кезеңде) Кіші Аралдың кәсіптік аудандарында мекендейтін балықтар зерттелінді. Кәсіптік балықтарының негізгі түрлері ретінде табан (*Abramis brama*) мен ақмарқа (*Leuciscus aspilus*) қарастырылды. Балықтардың жағдайын сипаттау үшін олардың морфобиологиялық көрсеткіштері мен паразитофаунасы зерттелді. Кіші Арал теңізіндегі табан балығының паразиттердің ең көп түрлілігі – 20, ал ақмарқада паразиттердің әртүрлілігі – 5 түрден әлдеқайда төмен паразит анықталды. Ақмарқаны қауымдаластыру (популяция) кезінде, дәл осылай оның санының өсуі, өлшемдік және салмақтық көрсеткіштерінің ұлғаюы анықталды, бұл қоректік қорының қолайлы болуымен байланысты.



### ANNOTATION

Fisheries is one of the most important industries in the world. Only in the Small Aral Sea, the catch is about 7 thousand tons, not taking into account individual catches. Asp, pike perch, bream, etc. are considered valuable species of commercial fish. It is known that various fish diseases reduce all types of productivity, and at high infection intensity lead to their mass death. Therefore, the study of the parasite fauna of commercial fish is carried out in order to develop proposals for reducing the risks of the mass spread of the most pathogenic parasite species in order to preserve. Currently, there is a gradual restoration of the northern part of the Aral Sea (Small Aral) as a fishery reservoir. The changed ecological situation requires a comprehensive study of the diversity of organisms. In 2020 (in the autumn and winter periods) and in 2021 (summer period), we studied fish living in the fishing areas of the Small Aral Sea. The mass commercial fish species in the studied catches were bream (*Abramis brama*) and asp (*Leuciscus aspius*). To characterize the condition of fish, morphobiological indicators were studied. The study of parasitofauna was carried out according to the Bykhovskaya-Pavlovskaya method. The greatest diversity of parasites was found in bream – 20, the diversity of parasites in asp is much lower – 5 species. In the asp population, an increase in its number, size and weight indicators has been established, which is associated with a favorable food base.

**Түйін сөздер:** *Кіші Арал, балық паразиті, табан, ақмарқа, инвазияның экстенсивтілігі.*


**Key words:** *Small Aral, fish parasites, bream, asp, the extent of invasion.*

**Кіріспе.** Балық шаруашылығы – әлемдегі ең маңызды салалардың бірі болып саналады. Кіші Арал теңізінде жеке аулауды есепке алмағанда, жылына 7 мың тоннаға жуық балық ауланады. Ауланатын құнды кәсіптік балықтардың түрлері - ақмарқа, көксерке, табан және т.б. бар. Әртүрлі балық аурулары өнімділіктің барлық түрін төмендететіні, ал инфекция қарқындылығы жоғары болған жағдайда олардың жаппай қырылуына әкелетіні белгілі. Сондықтан табиғи су айдындарда балық ресурстарын сақтау және көбейту мақсатында кәсіптік балықтардың паразиттік фаунасына зерттеу жүргізіледі.

Соңғы жарты ғасырда Арал теңізі антропогендік факторлар әсерінен жоғары қарқынды деградацияға ұшырады. Бұл өз кезегінде теңіз суының тұздылығының артуына биологиялық ресурстарының толықтай жоғалуына және жалпы биоценоздың құлдырауына алып келіп. Дегенмен, тиімді инженерлік іс-шаралардың арқасында қазір оның солтүстік бөлігін (Кіші Арал) сақтап, теңіз суының тұздылығы бұрынғы күйіне дейін қалпына келтірілуде [1, 2]. Кіші Арал теңізінің кәсіптік ихтиопаразитфаунасын анықтау мақсатында зерттеулер жүргізу балықтарының арасында паразиттік аурулардың таралуын зерттеу, олардың зақымдану қарқындылығын анықтау, ауқымды таралу қаупін бағалау болып табылады, себебі балық өнімдері адамзаттың азық-түліктік қажеттілігінде алатын орны ерекше, сондықтан оның адамзат үшін қауіпсіздігі басты мәселе.

Арал теңізіндегі балықтар мен басқа да су омыртқасыздарының паразиттері туралы алғашқы мәліметтер В.А.Догель мен Б.Е.Быховскийдің монографиясында келтірілген. Онда паразиттердің 73 түрін анықталып, олардың 14 түрі ғылым үшін жаңа түр ретінде тіркелді. Бұл классикалық жұмыс, өзінің маңыздылығын жоғалтпайды және қазіргі уақытта Арал балықтарының паразитофаунасы туралы түсінік бере келе, кеңестік паразитология ғылымының маңызды жетістігі болып есептеледі [3,4]. 2010 жылы К.А.Даутбаева, А.С.Сатыбалдиева зерттеулерінде Кіші Аралдың 6 балық түрінен моногенетикалық сорғыштардың 13 түрін анықтады. Зерттеуге табан, сазан, ақмарқа, торта және көксерке балықтары алынды. Табан балықтарының желбезегіндегі паразиттерді зерттегенде *Dactylogyrus wunderi* ЭИ -70%, *D. falcatus* ЭИ - 63,3%, *D. zandti* ЭИ - 23,3%, *Dipozoon paradoxum* ЭИ - 46,6% кездесетінін анықтады [5]. Кіші Арал теңізінің қалпына келгеннен кейінгі кезеңде, кәсіптік балықтарына көлемді ихтиопаразитфауналық зерттеулер соңғы 10 жылда жүргізілмеген. Тек аз мөлшерде кәсіптік балықтардың паразиттерінің зерттелгені туралы мақалалар жарияланған. Сондықтан біздің алға қойып отырған мақсатымыз қазіргі жағдайда Кіші Арал теңізінде кездесетін табан (*Abramis brama*) және ақмарқа (*Leuciscus (Aspius) aspius*) балықтарына паразитарлық зерттеулер жүргізу арқылы балықтардың кәсіптік түрлері арасында паразиттік аурулардың жаппай таралу қаупін азайту бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік беретін жаңа деректер алу болып табылады.

**Материалдар мен зерттеу әдістемелері.** Қазіргі уақытта Кіші Арал теңізінің акваториясы әртүрлі гидрологиялық, гидрохимиялық және гидробиологиялық көрсеткіштерімен және әртүрлі балық өнімділігімен ерекшеленетін 6 кәсіптік балық аулау ауданына бөлінген. Өз кезегінде әр ауданда 2-ден 5-ке дейін балық аулау алаңдары орналасқан (1-сурет).



Сурет 1 – Кіші Аралдың балық аулау аймақтары

Кіші Аралдың 6 балық аулау аудандарына 2020 жылдың күзгі-қысқы және 2021 жылдың жазғы кезеңдерінде табан мен ақмарқа балықтарына ихтиопаразитологиялық зерттеулер жүргізілді. Балықты аулауға тор көздері 18-80 мм аралығында бақылаулық аулар пайдаланылды.

Тораңғыл мен Ақбастыға қарасты I-ші кәсіптік ауданында №1, 2, 12 станцияларда 66 дана табан және 10 дана ақмарқа ауланып, зерттелді. Кіші Арал теңіздің барлық терең бөлігін алып жатқан II-ші кәсіптік ауданында (Ақкөл және Сегізсай) № 3, 4, 13, 14 станцияларда 101 дана табан және 13 дана ақмарқа зерттелген. III-ші кәсіптік ауданында (Бутаков шығанағы) №16 станцияда 11 дана табан және 1 дана ақмарқа зерттелді. IV-ші кәсіптік ауданында (су алабы аумағының 30%-ын қамтитын солтүстік-шығыс бөлігі) Тастүбек ауданында қарасты №6 станцияда 18 дана табан, 8 дана ақмарқа зерттелді. Шағалы және Көкарал аудандарында №7, 8, 9, 10 V-ші кәсіптік ауданында (тұщыландырылған аумақты қамтитын сағалық маңы ауданы) 92 дана табан және 9 дана ақмарқа үлгісі зерттелді. VI-ші кәсіптік ауданында (Сарышығанақ шығанағы) №18 станцияда 31 дана табан зерттелді.

Барлығы 319 дана табан және 32 дана ақмарқа толық паразитологиялық тексеруден өтті.

Зерттелетін балықтардың түрлік құрамын анықтау балықтың түрлік құрамы Л.С.Берг [6] және Ю.С.Решетников [7] бойынша таксономиялық сипаттамалар негізінде анықталды. Гонадтардың ұзындығын, массасын, жынысын, жетілу сатыларын және балықтардың жасын Правдин И.Ф. әдісі бойынша анықтай отырып, балықтарға толық биологиялық талдау жүргізілді [8]. Кіші Арал теңізіндегі балық қорының жай-күйі келесі факторлардың өзара әрекеттесуімен, атап айтқанда, коммерциялық балықтардың саны, олардың көбею жағдайлары, су қоймасының қоректену жағдайы және аулау қарқындылығы арқылы анықталды. Есептеулер балықтың жалпы массасына және ішексіз массаға жүргізілді. Балықтардың қоректенуін сипаттайтын жанама көрсеткіш ретінде май мөлшері қарастырылды [9,10].

Е.И.Быховская-Павловская әдістемесі бойынша паразитологиялық зерттеу үшін балықтардың сараптамасы тікелей теңіз жағалауында [11] және «БШҒОО» ЖШС Арал филиалының балық аулау қайығында жүргізілді. А.В.Гаевскаяның [12] әдісі бойынша

қырындылар далалық жағдайда зерттелді. Трематодтар, акантоцефалалар және шаян тәрізділер 70<sup>0</sup> спиртте, цестодтар және глохидиялар 4% формальдегид ерітіндісінде, нематодтар Барбагалло сұйықтығында сақталды.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Кіші Арал теңізінің ихтиофаунасында 2021 жылғы зерттеулер бойынша балықтың 22 түрі кездесті, соның ішінде 14 кәсіптік түр: табан (*Abramis brama*), көксерке (*Sander lucioperca*), шортан (*Esox lucius*), ақмарқа (*Leuciscus (Aspius) aspius*), сазан (*Cyprinus carpio*), мөңке (*Carasius auratus*), торта (*Rutilus rutilus*), қылыш балық (*Pelecus cultratus*), жыланбас (*Channa argus*), жайын (*Silurus glanis*), ақ амур (*Stenopharyngodon idella*), ақ дөңмаңдай (*Hypophthalmichthys molitrix*), айнакөз (*Ballerus sapa*), шимай (*Alburnus chalcoides*) және кәсіпшілік емес балықтың 8 түрі (қызылқанат (*Scardinius erythrophthalmus*), аққайраң (*Leuciscus idus*), алабұға (*Perca fluviatilis*), камбала глосса (*Platichthys flesus*), қаяз (*Luciobarbus brachycephalus*) (қызыл кітапқа енгізілген), атерина (*Atherina boyeri*), бұзаубас (*Gobiidae (Cuvier)*), шаншар балық (*Gasterosteus aculeatus*) (күнсыз балықтар).

Табан балығы - Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік балық түрі болып табылады. Балықтың тұрақты кәсіптік мәні осы түрдің жоғары бейімделу қасиеттерімен, әсіресе қоршаған орта жағдайларының өзгеруіне жоғары икемділікпен ерекшеленеді. Типтік бентофаг. Алайда, бентостық ағзалармен қатар, табан балдырлар мен планктондарды жеуге қабілетті [13].

Соңғы жылдары тәжірибелік, сондай-ақ кәсіптік аулауда Кіші Арал теңізінде табан санының өсуі байқалады. Бұл «Балық шаруашылық ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС Арал филиалы жыл сайынғы көктем күз айларында Кіші Арал теңізінде жүргізетін экспедициялық жұмыстардың қорытындысында анықталады. Бақылаулық аулар үшін құрма ау пайдаланылды. Тор көздері 18-80 мм аралығында, сонда әр көзге табан балықтарының түсімділігі 40-65 пайызға дейін құрады. Кіші Арал теңізінің гидрологиялық режимінде болып жатқан оң өзгерістер, оның қарқынды тұщыландырылуына байланысты, табанның таралу аймағына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Егер 2001-2004 жылдары кіші Арал теңізде табан Таур және Шағалалы аймағындағы сағалық аймақта ғана өмір сүрсе, 2005 жылы табан кіші Аралдың солтүстік-шығыс, шығыс, орталық аудандарында Шевченко шығанағында, ал 2008 жылдан бастап Бутаков шығанағында да кездеседі. Соңғы жылдары тәжірибелік, сондай-ақ кәсіптік аулау кезінде Кіші Арал теңізінде табан балығының санының өсуі байқалды. Азық-түлік базасы төмен болған жағдайда, табан санының көбеюі оның баяу өсуіне әкелуі мүмкін. Зерттеу кезеңінде бақылау аулау кезінде табан балықтардың аналықтары мен аталықтары IV-V жетілу сатысында болды, бұл қарқынды уылдырық шашуды көрсетеді. Интенсивті уылдырық шашуға сонымен қатар нормативтік диапазонға сәйкес келетін судың температуралық режимі (16,7–27,7°C) және теңіздің барлық аймағында дерлік қамыс пен су асты өсімдіктерінің болуы қолайлы [14].

Кесте 1 – Кіші Арал теңізіндегі табан балығының жас құрамындағы орташа ұзындық пен салмақ ерекшелігі, 2021 ж.

Жас құрамы	Ұзындығы, мм (мин-макс)	Орташа ұзындығы, см	Салмағы, г (мин-макс)	Орташа салмақ, г	Саны, дана	%
3+	160-300	189	94-536	152	41	12
4+	180-280	210	125-421	194	68	20
5+	170-320	246	92-701	306	171	50
6+	270-280	275	326-495	404	27	7,9
7+	200-300	277	150-624	439	24	7,5
8+	230-320	293	215-644	517	9	2,6

Эксперименттік аулауда табанның ұзындығы 160-ден 320 мм-ге, массасы 152-ден 335 г-ға өзгерді, орташа есеппен дене ұзындығы 248 мм, массасы 335 г құрады. Табанның жас шамалық құрылымы 3+ пен 8+ аралығында болды, бес және алты жасар табан балықтары жалпы популяцияның 20% және 50% құрайды [кесте 1]. Қарқынды өсу жылдамдығы 4+ жасқа дейін болса, одан жоғары жасқа қарай біршама әлсірейді [15]. Ағымдағы жылдың (2020 ж.) уылдырық шашатын кезеңіндегі табанның қауымдаласуының жартылай жетілген бөлігіндегі жыныстардың 1,0:1,1 ара қатынасында аналықтарының басым болуымен сипатталды.

Ихтиопаразитологиялық зерттеулер нәтижесінде табан балықтарында паразиттердің 17 түрі анықталды: оның ішінде көз трематодтарының 4 түрі (*Diplostomum spathaceum*, *Diplostomum volvens*, *Diplostomum helveticum*, *Tylodelphys clavata*), моногенетикалық сорғыштардың 5 түрі (*Diplozoon paradoxum*, *Gyrodactylus elegans*, *Dactylogyrus extensus*, *Dactylogyrus wunderi*, *Dactylogyrus auriculatus*), нематодтардың 3 түрі (*Contracaecum squalii*, *Contracaecum microcephalum*, *Capillaria brevispicula*), цестодтардың 2 түрі (*Khawia sinensis*, *Digamma interrupta*) және паразиттік шаян тәрізділердің 3 түрі (*Sinergasilus major*, *Ergasilus briani*, *Ergasilus sieboldi*). Ал үш паразит түрге дейін анықталмады: моногенетикалық сорғыштардан *Paradiplozoon sp.*, нематодтардан - *Nematode larvae* және шаян тәрізділерден *Lernaea sp.* Сонымен табан балықтарында жалпы 20 паразит анықталды [кесте 2].

Кесте 2– Кіші Арал теңізіндегі табан балықтарында (n=319) кездескен паразит түрлері

Табылған паразиттердің түрлері	Жұқтырған балықтардың саны	Инвазияның экстенсивтілігі, %	Инвазия қарқындылығы
<i>Dactylogyrusextensus</i>	1	0,31	2
<i>Dactylogyrusauriculatus</i>	1	0,31	5
<i>Dactylogyruswunderi</i>	3	0,94	1-4
<i>Gyrodactyluselegans</i>	1	0,31	3
<i>Diplozoonparadoxum</i>	35	10,97	1-6
<i>Paradiplozoonsp.</i>	23	7,21	1-6
<i>Diplostomumspathaceum</i>	6	1,88	2-16
<i>Diplostomumhelveticum</i>	3	0,94	8-26
<i>Diplostomumvolvens</i>	2	0,63	6
<i>Tylodelphysclavata</i>	5	1,57	2-26
<i>Khawiasinensis</i>	4	1,25	1-4
<i>Digammainterrupta</i>	1	0,31	1
<i>Capillariabrevispicula</i>	1	0,31	2
<i>Contracaecumsquali</i>	4	1,25	1-23
<i>Contracaecummicrocephalum</i>	3	0,94	1
<i>Nematodelarvae</i>	1	0,31	2
<i>Lernaeasp.</i>	1	0,31	1
<i>Ergasilusbriani</i>	1	0,31	1-4
<i>Ergasilusieboldi</i>	5	1,57	11-23
<i>Sinergasilusmajor</i>	4	1,25	1-9

Табан балықтың паразиттермен инвазиялану көрсеткіші 32,92%, инвазия жұқтыру қарқындылығы (ИК) – 1-26 дана аралығында болды. Жалпы табанның паразиттердің ішінде жиі кездесетіні монегенетикалық сорғыштар *Diplozoon paradoxum* (инвазияның экстенсивтілігі - 10,97%, инвазия қарқындылығы - 1-6 дана) және *Paradiplozoon sp.* (ИЭ 7,21%, ИК 1-6 дана).

Ақмарқа – Кіші Арал теңізінің бағалы кәсіптік балық түрлерінің бірі. Теңізде қоректенетін, Сырдария өзенінде уылдырық шашатын жартылай анадромды балық. Теңізінің гидрологиялық режимінде болып жатқан оң өзгерістер мен оның қарқынды тұшылануына байланысты ақмарқаның таралу аймағының өзгеруіне әкелді. Егер, 2001-2004 жылдары ақмарқа тек сағалық аймақтарда ғана кездескен болса, 2005 жылы оның таралу аймағы Бутаков шығанағын қоспағанда, су қоймаларының барлық акваториясында таралды. 2008 жылдан бастап ақмарқа едәуір көлемде Бутаков шығанағында да кездесті.

Кіші Арал теңізіндегі эксперименттік аулауда ақмарқаның ұзындығы 250-ден 440 мм-ге, массасы 300-ден 1242 г-ға дейін, орташа есеппен дене ұзындығы 335 мм, массасы 639 г-ға жетті. Ақмарқаның жас құрылымы 2021 жылғы көрсеткіш бойынша үш генерациямен ұсынылды, олардың ішінде бес жастық балықтар (75,1%) басым болды. Соңғы жылдары ақмарқаның популяциясында өлшемдік және салмақтық көрсеткіштердің өсуі байқалады, бұл оның санының өсуі мен қоректік қорының қолайлы болуына байланысты болды. 2021 жыл бойынша ақмарқа балығының жыныстық көрсеткіштерінде аналықтары басым болғанын көрсетті, бұл жас және өлшемдік санаттар бойынша расталады. Зерттеу барысында ақмарқадан 5 паразит түрін анықтадық: оның ішінде моногенетикалық сорғыштардан 2 түр (*Dactylogyrus tuba*, *Dactylogyrus pavlovskii*), нематодтардан 1 түр (*Contracaecum squalii*) және шаян тәрізділерден 1 түр (*Ergasilus sieboldi*) және 1 паразит түрге дейін анықталмаған нематодтардан (*Nematode larvae*) табылды [кесте 3].

Кесте 3 – Кіші Арал теңізіндегі ақмарқа балықтарының паразитофаунасы

Табылған Паразиттердің түрлері	Жұқтырған балықтардың саны	Инвазияның экстенсивтілігі, %	Инвазия қарқындылығы
<i>Dactylogyrus tuba</i>	3	7,32	2-7
<i>Dactylogyrus pavlovskii</i>	1	2,44	7
<i>Contracaecum squalii</i>	2	4,88	2-11
<i>Nematode larva</i>	1	2,44	1
<i>Ergasilus sieboldi</i>	2	4,88	3-7

Ақмарқа балығының инвазиялану экстенсивтілігі 21,95%, инвазия жұқтыру қарқындылығы 1 ден 11 данаға дейін құрады. Паразиттің жиі кездесетін түрі моногенетикалық сорғыш *Dactylogyrus tuba* (ИЭ 7,32%, ИҚ 2-7 дана) болды.

1967-1971 жылдары С.О.Османов Арал ақмарқасынан паразиттердің 36 түрін анықтаған, оның ішінде *Ergasilus sieboldi*, *Dactylogyrus tuba*, *Contracaecum squalii* біздің зерттеулерімізде де кездесті. К.Ә.Дәуітбаевамен А.С.Сатыбалдиеваның зерттеулерінде моногенетикалық паразиттердің спецификалық қасиетке ие және даму циклы тікелей жүретін 13 түрі анықталған, оның ішінде ақмарқадан табылған *Dactylogyrus tuba* ғана біздің зерттеулерімізде де кездесті.

**Қорытынды.** Кіші Арал теңізінің ихтиофаунасында 2021 жылғы зерттеулер бойынша балықтың 22 түрі кездесті, соның ішінде 14 кәсіптік түр. Табан Арал теңізінде кең таралған кәсіптік түр болып саналады, бұл түрдің ерекшелігі жоғары бейімделгіш қасиетімен, әсіресе орта жағдайының өзгерісіне жоғары икемділігімен қамтамасыз етіледі. Толық паразитологиялық сойып зерттеу нәтижесінде табан балықта 20 паразит анықталды. Оның ішінде 17-сі түрге дейін анықталды: көз трематодтарының 4 түрі, моногенетикалық сорғыштардың 5 түрі, нематодтардың 3 түрі, цестодтардың 2 түрі мен паразитті шаян тәрізділердің 3 түрі анықталды. Ал 3 паразит түрге дейін анықталмады: моногенетикалық сорғыштардан *Paradiplozoon* sp., нематодтардан *Nematode larvae* және шаян тәрізділерден *Lernaea* sp. Паразиттердің ішіндегі анағұрлым залалдысы *Khawia sinensis*, *Digamma interrupta* цестодтары мен *Gyrodactylus elegans* моногенетикалық сорғышы екендігін баса айтуға болады. Моногенетикалық сорғыштар ең көп түрлілігі мен жоғары инвазиясымен ерекшеленеді (5 түрі).

Табан балықта жиі кездесетін моногенетикалық сорғыштар *Diplozoon paradoxum*. Бұл паразит негізінен балықтардың желбезектерінде тіршілік етеді. Олар тіршілік циклінде ешқандай аралық иесіз қатысады. *Diplozoon paradoxum* репродуктивті белсенділігі маусымдылық өзгерістерді көрсетеді. *Diplozoon paradoxum* табан балықтардың типтік паразиті, сондықтан ақмарқаға қарағанда жаңадан дамып келе жатқан жас табан балықтар жиі осы паразитпен зақымдалады. *Contracaecum squalii* бұл анизакис тұқымдастығына жататын нематодтар. Балық олардың өмірлік циклінде екінші аралық иесі рөлін атқарады, оны теңіз, тұщы су және өтпелі балықтарда, соның ішінде балық өсіретін фермаларында да кездестіруге болады. Личинкалар балықтарда капсулаларда немесе дене қуысында, ішкі мүшелерде, кейде

ішекте болады. Біз табан балығынан инвазия қарқындылығы 1-23 дана дейін болатынын анықтадық.

Арал кәсіптік балықтарының (табан, ақмарқа) жиі диплостомидтер ағзасына патогендік әсер етіп, олардың аурудың жедел және созылмалы түрін тудырады. Соның ішінде *Diplostomum spathaceum* метацеркариясы, басқа трематодтардан айырмашылығы, өмір бойы қозғалмалы және инкапсуляцияланбайды. Метацеркарияның ұзақ уақыт балық организмінен болуы салдарынан балық соқыр болады. Метацеркариялар балықтың көзінде кем дегенде 8 ай өмір сүреді. Көбінесе катаракта бар балықтардың екі көзі де соқыр болып қалады. Соқыр балықтар қалыпты азықтана алмайды, әлсірейді, су бетінде жүзеді, бүйіріне жатып алады және осы паразиттің тіршілік циклінің түпкілікті иесі болып табылатын шағалалар мен басқа да балық жейтін құстардың құрбанына оңай айналады. Диплостомидтермен инвазияның жоғары болуымен Кіші Аралдағы кәсіптік балықтардың жалпы санының азаюы байқалады. Табан - бұл кіші Аралдағы балық аулаудың ең көп таралған түрі, бірақ балықта кездесетін паразиттердің жалпы саны (20 паразит) балық аулау лимиттеріне өзгерістер енгізуді талап етеді. Теңіздегі негізгі бентофагтар болып табылатын табан балықты қарқынды аулау және теңізге сазан балығымен толтыру (санын көбейту) алғашқы 3-5 жылда балықтардың инвазиясын азайтады. Адамдар үшін жоғарыда аталған балық паразиттерінің түрлері қауіпті емес. Бұл паразиттер балықтың салмағына, қандылығына және құнарлылығына әсер етеді.

Ақмарқа Кіші Арал теңізінің құнды коммерциялық түрлерінің бірі болып саналады. Соңғы жылдары теңіздің гидрологиялық режиміндегі өзгерістерге және оның қарқынды тұщылануына байланысты теңіздегі таралу аймағында айтарлықтай ұлғайды. 2005 жылы оның ауқымы Бутаков шығанағын қоспағанда, теңіздің бүкіл су аумағында таралды. Біз зерттеу барысында ақмарқадан моногенетикалық сорғыштардың 2 түрін, нематодтардың 1 түрін, шаян тәрізділердің 1 түрін және түрге дейін анықталмаған нематодтардың 1 түрін *Nematode larvae*-ны таптық. Ақмарқа балығының дактилогирустармен жоғары қарқынды инвазиялануы ақмарқа шабақтарының жойылып кетуіне алып келуі мүмкін.

**Алғыс.** Мақала ҚР БҒМ "Кәсіптік маңызы бар Кіші Арал балықтарының ихтиофаунасы мен паразитофаунасын зерттеу негізінде эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету үшін ұсынымдар әзірлеу" гранттық жобасының шеңберінде жүргізілді (ЖТН №АР08955829).

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Micklin P. Introduction to the Aral Sea and its Region. The Aral Sea: the Devastation and Partial Rehabilitation of a Great Lake [Text] / P. Micklin, N. Aladin, I. Plotnikov // Springer Earth System Sciences. Springer, Heidelberg. - 2014. - P. 15–40.
- 2 Qiang Li. Investigate the relationships between the Aral Sea shrinkage and the expansion of cropland and reservoir in its drainage basins between 2000 and 2020 [Text] / Qiang Li, Xin Li, Youhua Ran, Min Feng // International journal of digital earth. – 2020. - C. 13-15. <https://doi.org/10.1080/17538947.2020.1865466>.
- 3 Alipour H. Assessing of Heavy Metal Concentrations in the Tissues of *Rutilus rutilus caspicus* and *Neogobius gorlap* from Miankaleh International Wetland [Text] / H. Alipour, A. Pourkhabbaz, M. Hassanpour // Bull Environ Contam Toxicol 91, 517–521 (2013) doi: 10.1007/s00128-013-1105-5.
- 4 Aksyutina Z.M. Elements of mathematical evaluation of observation results in biological and fisheries research [Text] / Z.M. Aksyutina // USSR. Moscow. Pishch.prom-st'. (1968): 288.
- 5 Saadatfar Z. & Shahsavani Morphology and changes of chloride cell of *Rutilus rutilus Caspicus* (Cyprinidea, teleost) in Caspian Sea [Text] / Saadatfar Z. & Shahsavani // D. Vet Res Commun (2009) 33: 979. <https://doi.org/10.1007/s11259-009-9316-2>
- 6 Самбаев Н.С. Приемная емкость Аральского Малого моря и потенциальные объемы искусственного воспроизводства карповыми видами рыб [Text] / Н.С. Самбаев // Вектор ГеоНаук. – 2019. - 2(4). - С.29. DOI: 10.24411/2619-0761-2019-10043.
- 7 Догель В.А. Быховский Б.Е. Фауна паразитов рыб Аральского моря [Текст] / В.А. Догель, Б.Е. Быховский // Паразитол. сб. ЗИНАН СССР. - Л., 1934. - Выпуск 4. - С.241-346.
- 8 Abdybekova A. M. Helminth parasites of fish of the Kazakhstan sector of the Caspian Sea and associated drainage basin [Text] / A. M. Abdybekova, A. A. Abdibayeva, N. N. Popov,

- A. A.Zhaksylykova, P. R.Torgerson // *Helminthologia* – 2020. - 3 (57).-P. 241 – 251. DOI 10.2478/helm-2020-0030
- 9Османов С.О. Вопросы паразитологии Аральского моря [Текст] / С.О. Османов //Изд. «ФАН» УзССР. - Ташкент. - 1975. - С. 20-76.
- 10 Дәуітбаева К.Ә. Сатыбалдиева А.С. Кіші Арал теңізінің балықтарында желбезектерінде кездесетін паразиттер [Текст] / К.Ә. Дәуітбаева // ҚазҰУ хабаршысы, Экология сериясы. – Алматы.- 2012. - №1(33). – Б.50-52.
- 11Берг Л.С. Рыбы пресных вод СССР и сопредельных стран [Текст] / Л.С. Берг // 4-е изд. И доп.-М.: Л.: Издательство АкадемииНаку СССР // Москва и Ленинград. - Т. 1.- 1949.- С. 364.
- 12Решетников Ю. С. Атлас пресноводных рыб России [Текст] / Решетников Ю. С. // - М.- Наука. - 2002. С. 230.
- 13Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб (преимущественно пресноводных) 4-е изд [Текст] /И.Ф. Правдин //М.: Пищевая промышленность, 1966. - С. 374.
- 14 Fulton T. Rate of growth of sea fish [Text] /T. Fulton // *Fish. Scotl. Sci. Invest. Report*, v. 20,pt 3.- 1902.- P. 226- 334.
- 15Clark F.N. The weight-length relationship of the california sardine (*Sardina caerulea*) at San Pedro[Text] /F.N. Clark // - *Fish. Bull. U.S.*, № 12.- 1928.-P. 5-59.
- 16 Быховская-Павловская И.Е. Методы паразитологических исследований [Текст] / И.Е. Быховская-Павловская // Ленинград.- Наука. - 1985. –С. 120.
- 17 Гаевская А.В. Паразиты и болезни морских и океанических рыб в природных и искусственных условиях [Текст] /А.В. Гаевская // ЭКОСИ-Гидрофизика.-2004. – С.237.
- 18 Bilska-Zajac. Parasites Of Anisakidae Family – Geographical Distribution And Threat To Human Health [Text] /E. Bilska-Zajac, M. Różycki , E.Chmurzyńska, J.Karamon, J.Sroka, M.Kochanowski, P.Kusyk, T. Cencek // *J Agric Sci Technol A*, 5: 146 – 152. DOI: 10.17265/2161-6256/2015.01.01014
- 19 Öztürk, t. Parasites of juvenile golden grey mullet *Liza aurata* Risso, 1810 in Sarıkm Lagoon Lake at Sinop, Turkey. [Text] /Öztürk, t. // *ActaParasitologia*. - 2013 (58).-P. 531 – 540. DOI: 10.2478/s11686-013-0173-3.
- 20Биологическоеобоснование. Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Арало-Сырдарьинского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения [Текст] //РазделМалое Аральское море, Шардаринское водохранилище и р.Сырдария.- 2017-2021 гг.

## REFERENCES

- 1 Micklin P.Introduction to the Aral Sea and its Region. The Aral Sea: the Devastation and Partial Rehabilitation of a Great Lake [Text] /P.Micklin, N.Aladin, I.Plotnikov // Springer Earth System Sciences. Springer, Heidelberg. - 2014. - P. 15–40.
- 2 Qiang Li. Investigate the relationships between the Aral Sea shrinkage andthe expansion of cropland and reservoir in its drainage basinsbetween 2000 and 2020[Text] / Qiang Li, Xin Li, Youhua Ran, Min Feng // *International journal of digital earth*. – 2020. - С. 13-15. <https://doi.org/10.1080/17538947.2020.1865466>.
- 3 Alipour H.Assessing of Heavy Metal Concentrations in the Tissues of *Rutilus rutilus* caspicus and *Neogobius gorlap* from Miankaleh International Wetland[Text] / H.Alipour, A.Pourkhabbaz, M. Hassanpour // *Bull Environ Contam Toxicol* 91, 517–521 (2013) doi: 10.1007/s00128-013-1105-5.
- 4 Aksyutina Z.M. Elements of mathematical evaluation of observation results in biological and fisheries research[Text] /Z.M. Aksyutina // *USSR. Moscow. Pishch.prom-st'*. (1968): 288.
- 5 Saadatfar Z. & Shahsavani Morphology and changes of chloride cell of *Rutilus rutilus* Caspicus (Cyprinidea, teleost) in Caspian Sea[Text] /Saadatfar Z. & Shahsavani // *D. Vet Res Commun* (2009) 33: 979. <https://doi.org/10.1007/s11259-009-9316-2>
- 6 Sambayev N.S. Priyemnaya yemkost' Aral'skogo Malogo morya i potentsial'nyye ob'yemy iskusstvennogo vosproizvodstva karpovymi vidami ryb[Tekst] / N.S. Sambayev // *Vektor GeoNauk*. – 2019. - 2(4). - С.29. DOI: 10.24411/2619-0761-2019-10043.
- 7 Dogel' V.A. Fauna parazitov ryb Aral'skogo morya [Tekst] /V.A. Dogel' B.Ye Bykhovskiy. // *Parazitol. sb. ZIN AN SSSR*. - L., 1934. - Vypusk 4. - S.241-346.

- 8 Abdybekova A. M. Helminth parasites of fish of the Kazakhstan sector of the Caspian Sea and associated drainage basin [Text] / A. M. Abdybekova, A. A. Abdibayeva, N. N. Popov, A. A. Zhaksylykova, P. R. Torgerson // *Helminthologia* – 2020. - 3 (57). - P. 241 – 251. DOI 10.2478/helm-2020-0030
- 9 Osmanov S.O. Voprosy parazitologii Aral'skogo moray [Tekst] / S.O. Osmanov // Izd. «FAN» UzSSR. - Tashkent. - 1975. - S. 20-76.
- 10 Däwitbaeva K.Ä. Kişi Aral teñiziniñ baliqtarında jelbezekterinde kezdesetin parazitler [Tekst] / K.Ä. Däwitbaeva, A.S. Satıbalđieva // QazUW xabarşısı, Ékologiya seriyası. – Almatı.- 2012. - №1(33). – B.50-52.
- 11 Berg L.S. Ryby presnykh vod SSSR i sopredel'nykh stran [Tekst] / L.S. Berg // 4-ye izd. I dop.-M.: L.: Izdatel'stvo Akademii Nauk SSSR // Moskva i Leningrad. - T. 1.- 1949.- S. 364.
- 12 Reshetnikov YU. S. Atlas presnovodnykh ryb Rossii Berg L.S. / YU. S Reshetnikov // - M.- Nauka. - 2002. S. 230.
- 13 Ppavdin I.F. Pukovodctvo po izucheniyu ryb (preimushchestvenno presnovodnykh) 4-ye izd [Tekst] / I.F. Ppavdin // - M.: Pishchevaya promyshlennost', 1966. - C. 374.
- 14 Fulton T. Rate of growth of sea fish [Text] / T. Fulton // *Fish. Scotl. Sci. Invest. Report*, v. 20, pt 3.- 1902.- P. 226- 334.
- 15 Clark F.N. The weight-length relationship of the california sardine (*Sardina caerulea*) at San Pedro [Text] / F.N. Clark // - *Fish. Bull. U.S.*, № 12.- 1928.- P. 5-59.
- 16 Bykhovskaya-Pavlovskaya I.Ye. Metody parazitologicheskikh issledovaniy [Tekst] / Bykhovskaya-Pavlovskaya I.Ye. // Leningrad.- Nauka. - 1985. –S. 120.
- 17 Gayevskaya A.V. Parazity i bolezni morskikh i okeanicheskikh ryb v prirodnykh i iskusstvennykh usloviyakh Bykhovskaya-Pavlovskaya I.Ye. / A.V. Gayevskaya // *EKOSI-Gidrofizika*.-2004. – S.237.
- 18 Bilka-Zajac. Parasites Of Anisakidae Family – Geographical Distribution And Threat To Human Health [Text] / E. Bilka-Zajac, M. Rózycki, E. Chmurzyńska, J. Karamon, J. Sroka, M. Kochanowski, P. Kusyk, T. Cencek // *J Agric Sci Technol A*, 5: 146 – 152. DOI: 10.17265/2161-6256/2015.01.01014
- 19 Öztürk, t. Parasites of juvenile golden grey mullet *Liza aurata* Risso, 1810 in Sarıkum Lagoon Lake at Sinop, Turkey. [Text] / Öztürk, t. // *Acta Parasitologica*. - 2013 (58). - P. 531 – 540. DOI: 10.2478/s11686-013-0173-3.
- 20 Biologicheskoye obosnovaniye. Opredeleniye ryboproduktivnosti rybokhozyaystvennykh vo-doyemov i/ili ikh uchastkov, razrabotka biologicheskikh obosnovaniy predel'no dopustimnykh ulovov ryby i drugikh vodnykh zhivotnykh, rezhimu i regulirovaniyu rybolovstva na rybokhozyaystvennykh vodoyemakh mezhdunarodnogo, respublikanskogo znacheniy i vodoyemakh OOPT Aralo-Syrdar'inskogo basseyna, a takzhe otsenka sostoyaniya rybnykh resursov na rezerv-nykh vodoyemakh mestnogo znacheniya Razdel [Tekst] // Maloye Aral'skoye more, Shardarinskoye vodokhranilishche i r. Syrdariya.- 2017-2021 gg.

### РЕЗЮМЕ

Рыбное хозяйство является одной из важнейших отраслей в мире. В Малом Арале ежегодно добывают около 7 тыс. тонн рыбы. Ценными видами промысловых рыб считаются жерех, судак, лещ и др. Различные болезни рыб снижают качество и объем товарной рыбы, при высокой интенсивности поражения приводят к массовой гибели рыб и представляют большую опасность для здоровья населения. Поэтому изучение паразитофауны промысловых рыб необходимо для разработки предложений по снижению рисков массового распространения наиболее опасных видов паразитов. В настоящее время происходит постепенное восстановление северной части Аральского моря (Малого Арала) как рыбохозяйственного водоема. Изменившаяся экологическая ситуация требует всестороннего изучения разнообразия организмов. В 2020 году (в осенний и зимний периоды) и в 2021 году (летний период) нами исследованы рыбы, обитающие в промысловых районах Малого Арала. Массовыми промысловыми видами рыб в исследованных уловах были лещ (*Abramis brama*) и жерех (*Aspius aspius*). Для характеристики состояния рыб были изучены их морфобиологические показатели. Изучение паразитофауны проведено по методике Быховской-Павловской. Наибольшее разнообразие паразитов выявлено у леща – 20, у жереха – 5 видов. В популяции жереха установлено увеличение его численности, размерных и весовых показателей, что связано с благоприятной кормовой базой.



ӘОЖ 630\*181.525:632.937(083.94)  
ҒТАХР 68.47.03.

DOI 10.56339/2305-9397-2023-1-2-167-175

**Өсерхан Б.**, а.-ш.ғ. магистрі, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-4616-3721>  
«С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Астана қ., Жеңіс даңғылы 62, 010011, Қазақстан, [b.oserkhan@kazatu.kz](mailto:b.oserkhan@kazatu.kz)  
**Курмангожинов А.Ж.**, PhD, <https://orcid.org/0000-0002-0972-9688>  
«С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Астана қ., Жеңіс даңғылы 62, 010011, Қазақстан, [alzhanur4@gmail.com](mailto:alzhanur4@gmail.com)  
**Мусаева Б. М.**, PhD, <https://orcid.org/0000-0003-4196-8635>  
«С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Астана қ., Жеңіс даңғылы 62, 010011, Қазақстан, [bina.11.89@mail.ru](mailto:bina.11.89@mail.ru)  
**Қапар Б. Қ.**, а.-ш.ғ. магистрі, <https://orcid.org/0000-0002-4023-697X>  
«С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Астана қ., Жеңіс даңғылы 62, 010011, Қазақстан, [bektur.kapar@mail.ru](mailto:bektur.kapar@mail.ru)

**Osserkhan B.**, master of agricultural sciences, **themailn author**, <https://orcid.org/0000-0003-4616-3721>  
NJSC «Kazakh Agrotechnical University named after S.Seifullin», Astana, Zhenis Avenue 62,010011, Kazakhstan, [b.oserkhan@kazatu.kz](mailto:b.oserkhan@kazatu.kz)  
**Kurmangozhinov A.Zh.**, PhD, <https://orcid.org/0000-0002-0972-9688>  
NJSC «Kazakh Agrotechnical University named after S.Seifullin»,Astana, Zhenis Avenue 62,010011, Kazakhstan, [alzhanur4@gmail.com](mailto:alzhanur4@gmail.com)  
**Mussaeva B.M.**, PhD, <https://orcid.org/0000-0003-4196-8635>  
NJSC «Kazakh Agrotechnical University named after S.Seifullin»,Astana, Zhenis Avenue 62,010011, Kazakhstan, [bina.11.89@mail.ru](mailto:bina.11.89@mail.ru)  
**Kapar B.K.**, master of agricultural sciences, <https://orcid.org/0000-0002-4023-697X>  
NJSC «Kazakh Agrotechnical University named after S.Seifullin»,Astana, Zhenis Avenue 62,010011, Kazakhstan, [bektur.kapar@mail.ru](mailto:bektur.kapar@mail.ru)

***PINUS SYLVESTRIS L., LONICERA EDULIS L., ЖӘНЕ RUBUS IDAEUS L.***  
**КӨШЕТТЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ AGRO-MIX, AGRARKA**  
**ЖӘНЕ ЭПИН БИОПРЕПАРАТТАРДЫҢ ӘСЕРІ**  
**THE EFFECT OF AGRO-MIX, AGRARKA AND EPIN BIOPREPARATIONS ON**  
**MORPHOLOGICAL INDICATORS OF *PINUS SYLVESTRIS L., LONICERA EDULIS L.,***  
**AND *RUBUS IDAEUS L.* SEEDLINGS**

**Аннотация**

Осы мақалада *Pinus sylvestris L., Lonicera edulis L.* және *Rubus idaeus L.* түрлерінің физиологиялық өсуіне «Агро-МІХ», «Аграрка» және «Эпин» биопрепараттарының әсерін зерттеу мақсатында жүргізілген зерттеу мәліметтері келтірілген. Зерттеу жұмысы Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы аумағында орналасқан орман тұқымбағында жүргізілді. 2022 жылы мамыр айының екінші жартысынан бастап отырғызу және себу жұмыстары жүргізілді. Жұмыста зерттеу нәтижелері мен талдаулары бойынша *P.sylvestris* сеппелерінің *L.edulis L.* және *R.idaeus L.* көшеттерін Агро-міх – 2%, 6% және 10%; Аграрка – 0,5%, 1,5% және 2,5%; Эпин – 0,1%, 0,2% және 0,3% мөлшерлемелерімен өндегеннен кейін келесідей зерттеулер жүргізілді: топырақ құнарлығы мен қышқылдығы, *P.sylvestris* сеппелерінің өну энергиясы мен өнгіштігі. Осы жылы вегетациялық маусым бойы физиологиялық, фенологиялық, биохимиялық және топырақтық әдістер бойынша мәліметтер жиналып өңделді. *P.sylvestris* тұқымдарын биопрепараттар ерітінділерімен өңделгеннен кейін өскіндердің өну динамикасы бойынша: өну энергиясы ең жоғары Аграрка 2,5% – 67,8 және өнгіштігі ең жоғары Аграрка 2,5% – 91,2%, ең ұзын өскін Агро-міх 0,5% – 3,75±0,45 см, ал ең ұзын тамыр 10,6±1,05 см – Аграрка 10% мөлшерлемесімен өңделген үлгілерде анықталды. Сынақ алаңшаларынан мәліметтер әр апта сайын маусым бойы бақылау, өлшеу, есептеу және т.б.

әдістермен жүргізілді. Статистикалық мәліметтерді өңдеу жалпыға ортақ Microsoft Excel 2010, SPSS, STATISTICA 13, SNEDECOR бағдарламалық пакетінің көмегімен жүзеге асырылды.

#### ANNOTATION

This article presents the details of the study conducted to study the effect of biopreparations «Agro-MIX», «Agrarka» and «Epin» on the physiological growth of *Pinus sylvestris L.*, *Lonicera edulis L.* and *Rubus idaeus L.* species. Research work was carried out in a forest nursery located in Shchuchinsk city, Burabay district, Akmola region. In 2022, planting and sowing were carried out from the second half of May. According to research results and analyzes in the work, seedlings of *L. edulis L.* and *R. idaeus L.* of *P. sylvestris* were planted with Agro-mix - 2%, 6% and 10%; Agrarka – 0,5%, 1,5% and 2,5%; After treatment with Epin – 0,1%, 0,2% and 0,3%, the following studies were conducted: soil fertility and acidity, germination energy and germination of *P. sylvestris* seedlings. This year, throughout the growing season, data on physiological, phenological, biochemical and soil methods were collected and processed. According to the dynamics of sprout germination after treating *P. sylvestris* seeds with solutions of biological preparations: the highest germination energy Agrarka 2,5% - 67,8 and the highest germination Agrarka 2,5% - 91,2%, the longest sprout Agro-mix 0,5 % – 3,75±0,45 cm, and the longest root 10,6±1,05 cm – was determined in samples treated with Agrarka 10%. Data from the test fields is collected every week throughout the season with were carried out observations, measurements, calculations and more. methods were carried out. Processing of statistical data was carried out with the help of Microsoft Excel 2010, SPSS, STATISTICA 13, SNEDECOR software package.

**Түйін сөздер:** *Pinus sylvestris L.*, *Lonicera edulis L.*, *Rubus idaeus L.*, *agro-mix*, *agrarka*, *эпин*, *биопрепараттар*.

**Key words:** *Pinus sylvestris L.*, *Lonicera edulis L.*, *Rubus idaeus L.*, *agro-mix*, *agrarka*, *epin*, *biopreparations*.

**Кіріспе.** *P. sylvestris L.* Ақмола, Павлодар, Абай және Қостанай облыстарында кең таралған орман құраушы түрлердің бірі. Сондықтан Қазақстан жағдайында кәдімгі қарағайдың жоғары сапалы отырғызу материалын (көшеттерін) алу бойынша зерттеулері өзекті.

Ормандарды жасанды молықтырудың табыстылығы отырғызылатын материалдың сапасымен анықталады, ол бірқатар факторлармен, соның ішінде топырақ құнарлығымен, қылқанды тұқымдардың көшеттерінің аурулар кешеніне бейімділігімен байланысты. Бұл мәселелерді шешу жолдарының бірі – тұқымның өнуін тездететін, негізгі орман құраушы түрлердің отырғызу материалдарының өсуі мен дамуын жақсартатын, қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерін азайтатын биологиялық белсенді заттарды қолдану [1].

Қылқан жапырақты өсімдіктердің көшеттерін өсірудің интенсивті технологияларын қолдану тұқымдар мен өсімдіктерді өңдеу үшін әртүрлі химиялық заттарды қолдануды қамтиды. Мақсатты сипаттамаларға сәйкес бұл қорлар тыңайтқыштар, пестицидтер, өсу стимуляторлары болып бөлінеді. Соңғысына көбірек көңіл бөлінуде: ауыл және орман шаруашылығында практикалық қолданыс тапқан жаңа экологиялық таза препараттар әзірленуде. Бұл препараттарды егіс алдындағы өңдеу кезінде қолданудың мақсаты ашық жерге өсірудің бастапқы кезеңінде тұқымның өну энергиясын арттыру, өсімдіктердің өсуін ынталандыру және оларды аурулардан қорғау болып табылады [2]. Өсу стимуляторларын синтездеу және енгізудегі әзірлемелерді белсендіру экономикалық қызметте қоршаған орта үшін қауіпсіз технологияларды қолданумен және өндіріс қалдықтарын ұтымды пайдаланумен байланысты [3]. Дәстүрлі қолданылатын минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерден айырмашылығы, бұл заттар көбінесе табиғи текті органикалық заттардан синтезделеді, сондықтан олар өндіріс көлемін ұлғайту мүмкіндігіне ие, сонымен қатар өсімдіктерді қоршаған ортаның қолайсыз факторларынан қорғауға қабілетті экологиялық таза болып табылады. Соңғы уақытта отандық биологиялық препараттарға деген қызығушылық артып келеді, олардың арасында қылқан жапырақты ағаштардың көк шөптері негізінде алынған препараттар бар [4].

Осы уақытқа дейін тұқымбақтарда қылқан жапырақты өсімдіктердің отырғызу материалын өсіруге арналған өсу реттегіштері әзірленді. Кейде қылқан жапырақты тұқымдастардың көшеттерін өсіру үшін ауыл шаруашылығына әзірленген өсу стимуляторлары

ұсынылады - эпін, циркон және т.б. Бірақ қылқан жапырақты ағаш түрлерінің дәстүрлі ауыл шаруашылығы үшін әзірленген қосылыстарға ауылшаруашылық және техникалық дақылдарға қарағанда басқаша әсер беруі мүмкін. Сонымен қатар, тұқымдастарда қылқан жапырақты түрлердің отырғызу материалын өсіру бірнеше (2-5) жылға созылады және, тиісінше, өсімдіктер ауа-райының және эдафикалық факторлардың маусымдық өзгерістерін бастан кешіреді.

Сондай-ақ, қылқан жапырақты ағаш түрлерінің, соның ішінде қарағайдың көп мөлшерде микотрофты екенін ескеру қажет [5]. Тіршіліктің 1-ші жылының соңына қарай кәдімгі қарағай түрлердің өскіндерінің тамырларында эктотрофты микориза пайда болады [6]. Өсімдіктердің тамыр жүйесінің микориздену процесі қылқан жапырақты өсімдіктердің қоректену сапасын жақсартатын және трансплантация кезінде олардың бейімделу қабілетін арттыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады [7]. Қазіргі уақытта тамыр жүйесін микориздеу деңгейі жоғары стандартты отырғызу материалын алуға мүмкіндік беретін әртүрлі әдістер мен технологиялар зерттелуде [8].

Қазіргі уақытта көгалдандыру материалын өсірудің перспективалы бағыттарының бірі өсу стимуляторларын пайдалану болып табылады. Бұл тәжірибе алыс және жақын шетелдерде кең таралған [9-11]. Тұқымның өнуін және өскіннің өсуін жеделдету үшін әртүрлі органикалық [12] және минералды [13] тыңайтқыштар мен өсу стимуляторлары қолданылады [14]. *Pinus sylvestris* L. – кәдімгі қарағай [15], Қазақстанда көгалдандыруда кеңінен қолданылады. Орман екпелерінде немесе көгалдандыруда *P.sylvestris* L. көшеттерін отырғызбас бұрын топырақты жақсы тыңайту үшін әртүрлі биологиялық препараттарды қолдану тиімді. Бұл Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс және шығыс аймақтарында орман екпелері ретінде жиі егілетін түрлердің бірі.

*Lonicera edulis* L. – жеуге жарамды ұшқат, аязға, газдарға, ауруларға төзімді, топырақты таңдамайды, қыркуға және ауыстырып отырғызуға төзімді. Гүлдену және жеміс беру кезінде сәндік. *L. edulis* L. ландшафттық дизайнда жеке солитер ретінде, топтық композицияның элементі тірі қоршау ретінде және т.б. қолдануға блады [16].

Дүние жүзінде *Rubus* L. – таңқурайдың 600-ге жуық түрі болса, Қазақстанда 3 түрі табиғатта өседі. *Rubus idaeus* L. бұталары екі метрге жетеді, бір-екі жастағы өркендері тік, тікенектермен жабылған. Мамыр-шілде айларында бұтақтарда паникулярлы немесе рацемозды гүлшоғырлар гүлдейді. *R.idaeus* L. - тамаша балдық және емдік қасиеттерімен танымал өсімдік. Піскен таңқурайда әртүрлі қанттар, органикалық қышқылдар, С дәрумені және басқа да бірқатар пайдалы заттар бар [17].

Ғылыми жобаның мақсаты Солтүстік Қазақстанның орман тұқымбақтарында пайдалану үшін ағаштардың, бұталардың және жемісті ағаш түрлерінің минералды қоректену режимін оңтайландыру және биологиялық өнімдердің тиімді дозаларын таңдау болып табылады. Яғни, *P.sylvestris* L., *L.edulis* L. және *R.idaeus* L. түрінің физиологиялық өсуіне «Агро-МИКС», «Аграрка» және «Эпін» биологиялық өнімдерінің әсерін зерттеу.

**Зерттеудің материалдарымен әдістері.** Зерттеу нысандары: *P.sylvestris* L. сеппелері және *L. edulis* L. пен *R. idaeus* L. көшеттері. Зерттеу үшін препараттың сулы ерітіндісінің келесі концентрациялары (сынақ) алынды: «Агро-mix» – 2%, 6% және 10%; «Аграрка» – 0,5%, 1,5% және 2,5%; «Эпін» – 0,1%, 0,2% және 0,3%. Сумен өңделген сеппе және тікпе көшеттер бақылау нұсқалары ретінде алынды. Зерттеу жұмысы Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы аумағында орналасқан «Республикалық орман селекциялық тұқым өндірісі орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің солтүстік аймақ филиалының ("РОСТӨО" РМҚК САФ) орман тұқымбағында жүргізілді. Келтіріліп отырған мәліметтер 2021-2022 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстарынан алынды. 2021 жылы отырғызу және себу орындары мен материалдар дайындалды. 2022 жылы мамыр айының екінші жартысынан бастап отырғызу және себу жұмыстары жүргізілді. Осы жылы вегетациялық маусым бойы физиологиялық, фенологиялық, биохимиялық және топырақтық әдістер бойынша мәліметтер жиналып өңделді. Зертелініп жатқан тұқымдастардың түрлері жалпы көлемі 0,4 га ауданға себілді және отырғызылды. 2022 жылы 0,2 га ауданға *P. sylvestris* L. 20 кг тұқым себілді, 0,1 га ауданға 2000 дана тамырланған *R. idaeus* L. тікпе көшеттерімен 0,1 га ауданға 2000 дана тамырланбаған *L. edulis* L. қалемше тікпе көшеттері отырғызылды. Көшеттер сызықты-қатарлы жолақпен отырғызылды, қарағай тұқымдары сызықтық жолақ әдісімен себілді (1-суретте).



Сурет 1 – Ағаштар мен бұталарды отырғызу схемасы: көк түсті аудандакәдімгі қарағай (*P.sylvestris L.*) сеппелері; жасыл түсті ауданда–жеуге жарамды ұшқат (*Lonicera edulis L.*) көшеттері; қызыл түсті ауданда–кәдімгі таңқурай (*Rubus idaeus L.*) көшеттері (N: 52.951859, E: 70.272170)

*L.edulis L.* және *R.idaeus L.* отырғызу материалдары Т.М.Барыбкинаның жасыл қалемшелеу әдісін қолдану арқылы дайындалды [18]. Қалемшелерді тамырландыру үшін топырақ қоспасы дайындалды: қарашіріндімен құм (1: 3 қатынасында), оған қалемшелер 10 x 5 немесе 7 x 5 см сұлбесіне сәйкес 45° бұрышта қиғаш орналастырылады. Барыбкинаның (2011) тәжірибелері бойынша кесінділер 6 x 4 схемасы бойынша орналастырылған. Қалемшелерді тамырландырудың негізгі шарты 20-25° температурада субстрат пен ауаның жоғары ылғалдылығы (85% дейін) қамтамасыз ету. Мұндай жағдайлар пленкалы жылыжайда немесе шыны жылыжайда тұрақты суару және күніне 6-7 рет бүрку арқылы, әсіресе ыстық ауа-райында сақталады.

Топырақты себу және отырғызу алдында дайындау жалпыға ортақ әдістермен жүргізілді [19]. Топырақтың анализдары Н.А. Качинский, И.В. Тюрин және Б.П. Мачигин әдістері арқылы анықталды. Сынақ аландарынан алынған үлгілер Microsoft Excel 2010, SPSS, STATISTICA 13, SNEDECOR бағдарламалық пакетінің көмегімен өңделді.


**Зерттеу нәтижелері мен талдаулар.** Зерттеу ауданы оңтүстік қара топырақ түзілетін негізгі аймақ болып табылады. Дүниежүзілік тәжірибеге сүйене отырып, орманмен көмкерілген алқаптарды ұлғайтудың негізгі жолдарының бірі отырғызу материалдарының өміршеңдігін, сапасы мен өсу қарқынын арттыру екені атап өтілді. Болашақта топырақ құнарлығын сақтау шараларын қамтамасыз ету. Біздің зерттеулерімізде зерттеу нысандары өсірілген топырақты биологиялық препараттармен өңдегеннен кейін топырақ анализі жасалынды. Зертханалық талдаулардың нәтижесінде рН мөлшерлемесі анықталды. Топырақта рН деңгейінің төмендеуі ( $P \leq 0,05$ ) айтарлықтай айырмашылық бақылаумен салыстырғанда биологиялық препараттардың әртүрлі мөлшерлемесімен өңделген барлық топырақ үлгілерінде тіркелді. Ең төменгі топырақ рН (7,95) Agro-mix 2% өңделген көшеттерде, содан кейін Agro-mix 6% және Agro-mix 10% өңделген көшеттерде өлшенді (8.11:8.10). Бақылау мен Agrarka 1,5% арасында топырақ рН-де айтарлықтай ( $P > 0,05$ ) айырмашылық табылған жоқ.

Бақылаумен салыстырғанда биопрепараттардың әртүрлі комбинацияларымен өңделген топырақ үлгілерінде нитрат азотының мөлшерінің жоғарылау деңгейінде ( $P \leq 0,05$ ) айтарлықтай айырмашылық байқалды. Нитрат азотының максималды мөлшері (топырақта 6,953 мг·кг<sup>-1</sup>) Agro-mix 10% өңделген топырақта тіркелді. Сондай-ақ, жылжымалы фосфор мен азоттың максималды мөлшері Agro-mix 10% (73,27:695,61) және Agrarka 2,5% (82,3:730,98), ал минималды мәндері «Эпин» және бақылау комбинацияларында көрсетілген. Бақылаумен салыстырғанда биопрепараттардың әртүрлі комбинацияларымен өңделген топырақ үлгілерінде жылжымалы күкірт пен қарашірік мөлшерінің жоғарылау деңгейінде ( $P \leq 0,05$ ) айтарлықтай айырмашылық байқалды. Мәселен, Agro-mix құрамындағы жылжымалы күкірттің мөлшері 10% (8,31), ал Эпин 0,1% және бақылау комбинацияларында жылжымалы күкірттің мөлшері болмады. Қарашіріктің ең аз мөлшері Эпин 0,3% және бақылау комбинацияларында тіркелді. Кабанова С.А. және басқалардың 2018 жылы жүргізген зерттеулерінде, көшетжайдағы топырақтың қышқылдығы *P.sylvestris*-тің өсуі үшін ең жоғарғы мәнге ие болды – рН 7,28 [20, 54 б.], біздің зерттеулерімізде орташа рН 8,19 ± 0.01 (1-кестеде) көрсетті.

Кесте 1 – Зерттеу ауданының топырағының негізгі физика-химиялық қасиеттері (M ±m)

Топырақтың қасиеттері	Өлшембірлігі	Нәтижелер
Кұм	(%)	62.75 ± 1.22
Лай	(%)	30.06 ± 0.58
Саз	(%)	7.19 ± 0.79
қарашірік	(%)	4.81 ± 0.29
Топырақ құрылымы	-	Орташасазды, лайлы-ұсаққұмды
Тығыздығы	(g cm <sup>-3</sup> )	2.07 ± 0.18
pH	-	8,19 ± 0.01
Органикалық көміртек	(%)	2.79 ± 0.17
ЖалпыN	(%)	0.14 ± 0.01
NH <sub>4</sub> <sup>+</sup> - N	(%)	259.14 ± 27.5
NH <sub>3</sub> <sup>-</sup> - N	(%)	4.23 ± 0.23
жылжымалыP	(mg kg <sup>-1</sup> топыраққа)	46.91 ± 1.16
жылжымалыK	(mg kg <sup>-1</sup> топыраққа)	600.5 ± 26.0
Катионалмасуқабілеті	(cmol <sup>(+)</sup> kg <sup>-1</sup> топыраққа)	81.5 ± 0.18
Абсорбцияланғаннегіздер		
Ca	mmol kg <sup>-1</sup>	27.13 ± 0.39
Mg		2.8 ± 0.3
Na		0.45 ± 0.1

*P. sylvestris* L. тұқымын сеппес бұрын зертханалық жағдайда тұқым тазалығы 92%, зертханалық жағдайда өнгіштігі 91%, өну энергиясы 43,25% және 1000 тұқымның салмағы 29,8 г анықталып, МЕСТ 13056.6-751 бойынша «РОСТӨО» РМҚК САФ орман тұқымбағында ашық топырақта өсу энергиясы, топырақтық өнгіштік анықталды. С.А. Кабанова және басқалардың зерттеулерінде зертханалық өнгіштік 90%, Гумато-фосфате+Трихоцин биопрепаратымен өндегенде 90% жеткен [20, 55 б.]. «Agro-mix», «Agrarka» және «Эпин» биопрепараттарымен өңделген ауданның өнгіштігі салыстырылды (2-суретте).



Сурет 2 – Кәдімгі қарағай (*Pinus sylvestris* L.) тұқымдарының сынақ және бақылау нұсқаларының өнудинамикасы, %

*Pinus sylvestris* L. тұқымдарының сынақ және бақылау нұсқаларының өну динамикасын салыстыра келе барлық көрсеткіштердің жиынтығы бойынша Agrarka 2,5% мөлшерлемесімен

өңделген биопрепараттарда жоғары мәліметтер тіркелді. 5-ші күні топырақ жағдайында өніп шыққан тұқымдар пайызы бойынша Agro-mix 6% - 9,4% өніп шықса, 10-шы күні Agrarka 2,5% - 88,3% өніп шыққан жоғарғы көрсеткіштер байқалды. Өнгіштігі бойынша Agrarka 2,5% және Agrarka 1,5% мөлшерлемелерімен өңделген сынақ алаңдарында жоғарғы көрсеткіштер алынды. Өніп шықпаған тұқыдар көрсеткіші бойынша ең төменгі көрсеткіш Эпин 0,1% мөлшерлемесінде 31,2% құрады, бірақ кейбір көрсеткіштер бойынша бұл препараттың басқа да нұсқаларында жақсы нәтижелер алынды. В.Ю. Острошенко өз зерттеулерінде «Эпин-Экстра» биопрепаратын қолданғанда, сынақтары бақылаудан артық көрсеткіштер тіркегенін келтіреді. Ол зертханалық жағдайда өну энергиясы 69-71%, ал өнгіштігі – 81-83% болғандығын келтіреді [21].

Біздің зерттеулерімізде 10 нұсқа келтірілген әр қайсысында 5-15 дейін қайталанумен жүргізілді. Біржылдық сеппе көшеттер сызғышпен, дәлдігі 0,1 см-ге дейін, тамыр мойнынан өркен ұшына дейін өлшенді. *P.sylvestris* L. сеппелерінің өскін ұзындығы анықталды. Сонымен қоса зерттелініп отырған түрлердің жапырақтары мен қылқандарындағы хлорофилл (Chl.a және Chl.b) және каротиноидтар көрсеткіштері анықталды. 2-кестеде *R.idaeus* L. жапырақтарының хлорофилл а, b және каротиноидтардың арифметикалық орташа мәндері келтірілді. Бұл көрсеткіштер 2022 жылы тамыз және қыркүйек айларында жүргізген зерттеу нәтижелерінен алынды. Осыған дейін *P.sylvestris* L. және *L.edulis* L. көшеттерінен алынған хлорофилл көрсеткіштері жайлы толық мәлімет басқа басылымдарда жарияланды. *R.idaeus* L. жапырақтарынан Chl.a– Эпин 0,3% және Agro-mix 2% өнімдерімен өңделген көшеттерде анықталса, *P. sylvestris* L қылқандарында ең жоғары орташа мәндері Agrarka 2,5% –1,058±0,036. Ал *L.edulis* L. көшеттерінің жапырақтарынан Chl. b – Agrarka 2,5% биопрепаратымен өңдеген сынақтарда тіркелді.

Кесте 2 – Кәдімгі таңқурай (*Rubus idaeus* L.) жапырақтарының хлорофилл а, b және каротиноидтардың көрсеткіштері

Сынақ нұсқалары	Chl. a (mg·g <sup>-1</sup> )	Chl. b (mg·g <sup>-1</sup> )	Carotenoid(mg·g <sup>-1</sup> )	Chl. (a+b) (mg·g <sup>-1</sup> )	Chl.(a+b/car) (mg·g <sup>-1</sup> )
1	2	3	4	5	6
Agro-mix 2%	1,040	0,786	0,059	1,326	40,654
Agro-mix 6 %	0,977	0,847	0,007	1,175	56,077
Agro-mix 10 %	0,927	0,661	0,072	1,503	70,529
Agrarka 0,5 %	0,924	0,069	0,320	10,985	4,480
Agrarka 1,5 %	0,932	0,522	0,128	1,931	12,350
Agrarka 2,5 %	0,837	0,692	0,101	1,313	19,832
Эпин 0,1 %	0,844	0,352	0,174	2,425	7,109
Эпин 0,2 %	0,989	0,117	0,315	8,576	4,977
Эпин 0,3 %	1,058	0,268	0,271	3,985	4,911
Бақылау	0,515	0,458	0,173	1,302	6,062

**Қорытынды.** Қорытындылай келе жүргізілген зерттеу нәтижелері мен талдаулары бойынша *P.sylvestris*, *R.idaeus* L. және *L.edulis* L. сеппе және тікпе көшеттерін әртүрлі мөлшерлемеді биопрепараттарды қолданып суару нәтижесінде келесідей нәтижелер алынды: барлық зерттеу нысандарында Agrarka 2,5% мөлшерлемесі қолданылған нұсқалар өте жақсы нәтиже көрсетті. Яғни тұқымдардың өніп шығуы мен өну энергиясы бойынша, өркен және тамыр өскіндерінің ұзындықтары бойынша жүргізілген талдаулар нәтижелері, а және b хлорофилл көрсеткіштері мен каротиноидтары бойынша да ең жақсы нәтижелер тіркелді. Сонымен қоса кейбір нысандардың талдауларында Agrarka 1,5%, Эпин 0,3 %, Agro-mix 0,5% және Agro-mix 2% жоғары көрсеткіштері тіркелді. Мысалы, *P.sylvestris* L. сеппелерінің өскін және тамыр ұзындығы бойынша арифметикалық орташа ауытқулары мен қателіктері (M±m) бойынша: ең ұзын өскін Agro-mix 0,5% – 3,75±0,45 см. Келтірілген қорытындыларды

түйіндей келе жүргізілген зерттеудің талдауы нәтижесінде ең тиімді және жоғары қорсеткіштер Ағартқа 2,5% мөлшерлемесімен өңделген көшеттерде тіркелді.

Зерттеу С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың қаржылық қолдауымен, №2ВГФ/21 ішкі гранттық қаржыландыру шеңберінде жүргізілді. Бұл зерттеу жұмысының 2 жылдық толық қорытындылары 2023 жылдың маусымдық зерттеу мәліметтерінен кейін жарияланатын болады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 Кабанова, С. А. Выращивание посадочного материала сосны обыкновенной с применением Агротекса и ростовых веществ [Текст] / С. А. Кабанова, П. Ф. Шахматов, М. А. Данченко, А. Н. Кабанов // Вестн. Повол. Гос. техн. ун-та. Сер. 45, Лес. Экология. Природопользование. – 2020. – № 1. – С. 66–74. – Библиогр.: с. 95.

2 Кириенко, М.А. Влияние концентрации стимуляторов роста на грунтовую всхожесть семян и сохранность сеянцев главных лесообразующих видов Средней Сибири [Текст] / М.А. Кириенко, И.А. Гончарова // Сиб. лесн. журн. – 2016. – № 1. – С. 39–45. – Библиогр.: с. 78.

3 Захаренко, В.А. Биопестициды и средства защиты растений с небιοцидной активностью в интегрированном управлении фитосанитарным состоянием зерновых агроэкосистем [Текст] / В.А. Захаренко // Агрoхимия. – 2015. – №6. – С. 64–76. – Библиогр.: с. 96.

4 Егорова, А.В. Влияние хвойного препарата на рост сеянцев сосны обыкновенной [Текст] / А.В. Егорова // Интенсификац. лесн. хоз-ва России: пробл. и инновац. пути решения. – Красноярск: ИЛ СО РАН, – 2016. – С. 79–80. – Библиогр.: с. 233–234.

5 Sarsekova, D. Mycorrhiza formation in *Pinus sylvestris* and *Picea obovata* seedlings in forest nurseries in Kazakhstan [Text] / D. Sarsekova, B. Osserkhan, T. Abzhanov, A. Nurlabi // Acta Botanica Hungarica – 2021. – Vol. 63(3-4), – P.427-446.

6 Барышников, Г.Я. Выращивание сеянцев хвойных пород с высокой степенью микоризности корней [Текст] / Г.Я. Барышников, В.В. Копытков // Вестн. Алтай ГАУ. Сер. 127. – 2015. – №5. – С. 76–80. – Библиогр.: с. 205–206.

7 Бурцев, Д.С. Зарубежный опыт искусственной микоризации сеянцев лесных древесных пород с закрытой корневой системой [Текст] / Д.С. Бурцев // Тр. СПбНИИ лесн. хоз-ва. – 2014. – № 1. – С. 47–61. – Библиогр.: с. 219–220.

8 Вайшля, О.Б. Микоризация сеянцев хвойных – экотехнология лесовосстановительного производства в Западной Сибири [Текст] / О.Б. Вайшля, Е.В. Комлева // Актуальн. пробл. лесн. комплекса. – 2012. – № 31. – С. 114–117. – Библиогр.: с. 310–312.

9 Kwak, J.H. Temperature and air pollution affected tree ring  $\delta^{13}C$  and water-use efficiency of pine and oak trees under rising CO<sub>2</sub> in a humid temperate forest 168 [Text] / Kwak J.H., Lim S.S., Lee K.S., Viet H.D., Matsushima M., Lee K.H., Jung K., Kim H.Y. Lee S.M., Chang S.X., Choi W.J. // Chemical Geology. – 2016. – Vol. 420. – P. 127–138.

10 Kirienko, M.A. The influence of growth stimulants at different concentrations on ground seed germination and survival of seedlings of the main forest forming species of central Siberia [Text] / M.A. Kirienko, I.A. Goncharova // Sibirskij Lesnoj Zurnal (Siberian Journal of Forest Science). – 2016. – No. 1. – P. 39–45. (in Russian with English abstract).

11 Małodobry, M. Evaluation of the yield and some components in the fruit of blue honeysuckle (*Lonicera caerulea* var. *edulis* Turcz. Freyn.) [Text] / M. Małodobry, M. Bieniasz, E. Dziedzic // Folia Horticulturae, – 2010. – 22(1). – Published Online: 01 Aug 2013. – P. 45–50.

12 Устинова, Т.С. Влияние биостимулятора НВ-101 на рост сеянцев сосны обыкновенной [Текст] / Т.С. Устинова // Актуальные проблемы развития лесного комплекса и ландшафтной архитектуры: матер. междунар. науч.-практ. конф. – Брянск: БГИТУ, 2016. – С. 319–321. – Библиогр.: с. 322–323.

13 Caradonia, F. Plant Biostimulant Regulatory Framework Prospects in Europe and Current Situation at International Level [Text] / F. Caradonia, V. Battaglia, L. Righi, G. Pascali, A. Torre La. // Journal of Plant Growth Regulation. – 2019. – Vol. 38. – P. 438–448.

14 Chrysargyris, A. The use of spent coffee grounds in growing media for the production of Brassica seedlings in nurseries [Text] / A. Chrysargyris, O. Antoniou, P. Xylia et al. // Environ Sci Pollut Res Environ Sci Pollut Res. – 2021. – Vol. 28 – P. 24279–24290.

15 Сарсекова, Д.Н. «Ақкөл» ОШМ КММ орман көшетжайында *Pinus sylvestris* сеппе көшеттерін жасанды микориздеу [Текст] / Д.Н. Сарсекова, Б. Өсерхан, Р. Жасек,

Ж.Б. Жарлыгасов // А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің көпсалалы ғылыми журналы. 3і: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация.– 2022. –№3 – Б. 155-163. – Библиогр.: б.247–248.

16 Мұқанов, Б.М. Дендрология [Текст]: оқулық. / Б.М. Мұқанов, Б.Ж. Майсұпова, М.В. Шабалина – Астана: Нурай принт Сервис, 2009. – 182 б. – 100 дан. – ISBN 978-601-237-016-4.

17 Мушегян, А.М. Деревья и кустарники Казахстана. Т.2. Покрытосеменные [Текст]: учебник/ А.М. Мушегян – Алма-Ата: Кайнар, 1966. –171 с. – 93 экз.

18 Барыбкина, Т.М. Влияние способов подготовки черенкового материала жимолости на их окоренение [Текст] / Т.М. Барыбкина // Достижения науки и техники АПК. – 2011. – № 7. – С. 51–52. – Библиогр.: с.92.

19 Байзаков, С.Б. Лесные культуры в Казахстане: Учебник / С.Б. Байзаков, А. Н. Медведев, С. И. Исаков, Б. М. Муқанов. – 2-е изд. перераб. и доп.– Алматы: КазНАУ. Агроуниверситет, 2010. кн. 1. – 288 с. – 300 экз. – ISBN 9965-821-07-0.

20 Кabanова, С.А. Применение ростовых веществ для выращивания посадочного материала сосны обыкновенной [Текст] / С.А. Кabanова, М.А. Данченко, А.М. Шишкин, Е.И. Крижановская // Вестник Поволжского государственного технического университета. Сер.42, Лес. Экология. Природопользование. – 2019. – № 2. – С. 52-61. – Библиогр.: с. 95.

21 Острошенко, В.Ю. Влияние стимулятора роста «Эпин-экстра» на энергию прорастания и лабораторную всхожесть семян сосны обыкновенной (*Pinus sylvestris L.*) / В.Ю. Острошенко // Вестн. КрасГАУ. – 2017. – №11. – С. 208-218. – Библиогр.: с. 239–240.

#### REFERENCES

1 Kabanova, S. A. Vyrashhivanie posadochnogo materiala sosny obyknovennoj s primeneniem Agroteksa i rostovyh veshhestv [Tekst] / S.A. Kabanova, P.F. Shahmatov, M.A. Danchenko, A.N. Kabanov // Vestnik Povolzhskogo gosudarstvennogo tehnologicheskogo univepsiteta. Ser. 45, Les. Jekologija. Prirodopol'zovanie. – 2020. – № 1. – S. 66–74. – Bibliogr.: s. 95.

2 Kirienko, M.A. Vlijanie koncentracii stimulyatorov rosta na gruntovuju vshozhest' semjan i sohrannost' sejancev glavnyh lesoobrazujushhih vidov Srednej Sibiri [Tekst] / M.A. Kirienko, I.A. Goncharova // Sib. lesn. zhurn. – 2016. – № 1. – S. 39-45. – Bibliogr.: s. 78.

3 Zaharenko, V.A. Biopesticidy i sredstva zashhity rastenij s nebiocidnoj aktivnost'ju v integrirovannom upravlenii fitosanitarnym sostojaniem zernovyh agrojekosistem [Tekst] / V.A. Zaharenko // Agrohimiya. – 2015. – №6. – S. 64–76. – Bibliogr.: s. 96.

4 Egorova, A.V. Vlijanie hvojnogo preparata na rost sejancev sosny obyknovennoj [Tekst] / A.V. Egorova // Intensifikac. lesn. hoz-va Rossii: probl. i innovac. puti reshenija. – Krasnojarsk: IL SO RAN, – 2016. – S. 79–80. – Bibliogr.: s. 233–234.

5 Sarsekova, D. Mycorrhiza formation in *Pinus sylvestris* and *Picea obovata* seedlings in forest nurseries in Kazakhstan [Text] / D. Sarsekova, B. Osserkhan, T. Abzhanov, A. Nurlabi // Acta Botanica Hungarica – 2021. –Vol. 63(3-4), – P. 427-446.

6 Baryshnikov, G.Ja. Vyrashhivanie sejancev hvojnnyh porod s vysokoj stepen'ju mikoriznosti kornej [Tekst] / G.Ja. Baryshnikov, V.V. Kopytkov // Vestn. Altaj GAU. Ser. 127. – 2015. – №5. – S. 76–80. – Bibliogr.: s. 205–206.

7 Burcev, D.S. Zarubezhnyj opyt iskusstvennoj mikorizacii sejancev lesnyh drevesnyh porod s zakrytoj kornevoj sistemoj [Tekst] / D.S. Burcev // Tr. SPbNII lesn. hoz-va. – 2014. – № 1. – S. 47–61. – Bibliogr.: s. 219-220.

8 Vajshlja, O.B. Mikorizacija sejancev hvojnnyh – jekotehnologija lesvosstanovitel'nogo proizvodstva v Zapadnoj Sibiri [Tekst] / O.B. Vajshlja, E.V. Komleva // Aktual'n. probl. lesn. kompleksa. – 2012. – № 31. – S. 114–117. – Bibliogr.: s. 310–312.

9 Kwak, J.H. Temperature and air pollution affected tree ring  $\delta^{13}C$  and water-use efficiency of pine and oak trees under rising CO<sub>2</sub> in a humid temperate forest 168 [Text] / Kwak J.H., Lim S.S., Lee K.S., Viet H.D., Matsushima M., Lee K.H., Jung K., Kim H.Y. Lee S.M., Chang S.X., Choi W.J.// Chemical Geology. – 2016.

10 Kirienko, M.A. The influence of growth stimulants at different concentrations on ground seed germination and survival of seedlings of the main forest forming species of central Siberia [Text]/ M.A. Kirienko, I.A. Goncharova // Sibirskij Lesnoj Zurnal / Siberian Journal of Forest Science. – 2016. – No. 1. – P. 39-45. (in Russian with English abstract).



- 11 Małodobry, M. Evaluation of the yield and some components in the fruit of blue honeysuckle (*Lonicera caerulea* var. *edulis* Turcz. Freyn.) [Text] / M.Małodobry, M.Bieniasz, E.Dziedzic // *Folia Horticulturae*, –2010. – 22(1).– Published Online: 01 Aug 2013.– P. 45–50.
- 12 Ustinova, T.S. Vlijanie biostimuljatora NV-101 na rost sejancev sosny obyknovennoj [Tekst] / T.S. Ustinova // Aktual'nye problemy razvitija lesnogo kompleksa i landshaftnoj arhitektury: mater. mezhdunar. nauch.-prakt. konf. – Brjansk: BGITU, – 2016. – S. 319–321. – Bibliogr.: s. 322–323.
- 13 Caradonia, F. Plant Biostimulant Regulatory Framework Prospects in Europe and Current Situation at International Level [Text] / F.Caradonia, V.Battaglia, L.Righi, G.Pascali, A. Torre La. // *Journal of Plant Growth Regulation*. – 2019. – Vol.38. – P.438–448.
- 14 Chrysargyris, A. The use of spent coffee grounds in growing media for the production of Brassica seedlings in nurseries [Text] / A.Chrysargyris, O.Antoniou, P.Xylia et al. // *Environ Sci Pollut Res Environ Sci Pollut Res*. – 2021.– Vol.28 – P. 24279–24290.
- 15 Sarsekova, D.N. «Aqkol» OSM KMM orman koshetjayında *Pinus sylvestris* seppe koshetterin jasandı mikorizdew [Tekst] / D.N. Sarsekova, B. Oserkhan, P. Jacek, J.B. Jarligasov // A. Baytursımov atındaǵı Qostanay onırlık universitetinin kopsalalı ǵılımi jwrnalı. 3i: intellect, idea, innovation - intellekt, ideya, innovaciya.– 2022. –№. 3 – B. 155-163. – Bibliogr.: b. 247–248.
- 16 Muqanov, B.M. Dendrologiya [Tekst]: oqwlıq. / B.M. Muqanov, B.J. Mayswpova, M.V. Shabalina – Astana: Nwray print Servis, 2009. – 182 b. – 100 dan.– ISBN 978-601-237-016-4.
- 17 Mushegjan, A.M. Derev'ja i kustarniki Kazahstana. T.2. Pokrytosemennye [Tekst]: Uchebnik / A.M. Mushegjan – Alma-Ata: Kajnar, 1966. –171 s. – 93 ekz.
- 18 Barybkina, T.M. Vlijanie sposobov podgotovki cherenkovogo materiala zhimolosti na ih okorenenie [Tekst] / T.M. Barybkina // *Dostizhenija nauki i tehniki APK*. – 2011. – № 7. – S. 51–52. – Bibliogr.: s. 92.
- 19 Bajzakov, S.B. Lesnye kul'tury v Kazahstane: Uchebnik/S.B. Bajzakov, A.N. Medvedev, S. I. Iskakov, B. M. Mukanov. – 2-e izd. pererab. i dop. – Almaty: KazNAU. Agrouniversitet, 2010. kn. 1. – 288 s. – 300 ekz. – ISBN 9965-821-07-0.
- 20 Kabanova, S.A. Primenenie rostovyh veshhestv dlja vyrashhivaniya posadochnogo materiala sosny obyknovennoj [Tekst] / S.A. Kabanova, M.A. Danchenko, A.M. Shishkin, E.I. Krizhanovskaja // *Vestnik Povolzhskogo gosudarstvennogo tehničeskogo universiteta. Ser.42, Les. Jekologija. Prirodopol'zovanie*. – 2019. – № 2. – S. 52-61. – Bibliogr.: s. 95.
- 21 Ostroshenko, V.Ju. Vlijanie stimuljatora rosta «Jepin-jekstra» na jenergiju prorastaniya i laboratornuju vshozhest' semjan sosny obyknovennoj (*Rinus sylvestris* L.) / V.Ju. Ostroshenko // *Vestn. KrasGAU*. – 2017. – №11. – S. 208-218. – Bibliogr.: s. 239–240.

### РЕЗЮМЕ

В тексте приведены данные исследовательской работы, проведенной с целью изучения влияния биопрепаратов «Agro-MIX», «Agrarka» и Эпин на физиологический рост видов *Pinus sylvestris* L., *Lonicera edulis* L. и *Rubus idaeus* L. Исследования проводились в лесном питомнике расположенного в городе Щучинске Бурабайского района Акмолинской области. В 2022 году посадку и посев проводили со второй половины мая. Для исследования были взяты следующие концентрации водного раствора препарата: agro-mix - 2%, 6% и 10%; agrarka - 0,5%, 1,5% и 2,5%; эпин - 0,1%, 0,2% и 0,3%. Сеянцы и саженцы обработанные водой, служили контролем. В этом году собирали и обрабатывали данные физиологических, фенологических, биохимических и почвенных методов в течение всего вегетационного периода. По динамике всхожести проростков после обработки семян *P. sylvestris* растворами биопрепаратов: наибольшая энергия прорастания зафиксировано в образцах обработанные с биопрепаратом Agrarka 2,5 % - 67,8 и наибольшая всхожесть Agrarka 2,5 % - 91,2 %, наибольшая всхожесть Agro-MIX 0,5 % - 3,75± 0,45 см, а самый длинный корень 10,6±1,05 см – зафиксировано в образцах, обработанных Agrarka 10%. Данные с тестовых полей собираются каждую неделю в течение сезона, проводились методы наблюдения, измерения, расчета и т.д. Обработку статистических данных проводили с помощью пакета программ Microsoft Excel 2010, SPSS, STATISTICA 13, SNEDECOR.

ӘОЖ631.33.024.2  
ГТАХР 68.85.29, 55.57.33

DOI 10.56339/2305-9397-2023-1-2-176-186

**Перетятко А.В.**, техникалық ғылымдарының кандидаты, доцент, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-2739-8795>

«Н.И. Вавилов атындағы Саратов мемлекеттік генетика, биотехнология және инженерия университеті» ЖБ ФМББМ, Саратов қ., Петр Столыпин данғылы, 4-ғимарат, 3-құрылыс, 410012, Ресей Федерациясы, [andrejperetyatko@yandex.ru](mailto:andrejperetyatko@yandex.ru)

**Кубашева Ж. К.**, техникалық ғылымдарының кандидаты, доцент, <https://orcid.org/0000-0002-4712-492X>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ Жәңгір хан көш., 51, 090009, Қазақстан Республикасы, [kubashevazhanna@mail.ru](mailto:kubashevazhanna@mail.ru)

**Азғалиев Ж. С.**, аға оқытушы, <https://orcid.org/0000-0002-4961-3700>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ Жәңгір хан көш., 51, 090009, Қазақстан Республикасы, [azgaliyev@mail.ru](mailto:azgaliyev@mail.ru)

**Сарсенов А. Е.**, Ph докторы, доцент м.а., <https://orcid.org/0000-0002-0265-0141>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ Жәңгір хан көш., 51, 090009, Қазақстан Республикасы, [sarsenov\\_1966@mail.ru](mailto:sarsenov_1966@mail.ru)

**Утепов Г. Н.**, техникалық ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, <https://orcid.org/0000-0002-4144-8253>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ Жәңгір хан көш., 51, 090009, Қазақстан Республикасы, [mr.galim.61@mail.ru](mailto:mr.galim.61@mail.ru)

**Нурмашева Ж. Б.**, МААТГ-21 тобының магистранты, <https://orcid.org/0000-0003-4996-4700>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ Жәңгір хан көш., 51, 090009, Қазақстан Республикасы, [anurmasheva07@gmail.com](mailto:anurmasheva07@gmail.com)

**Peretyatko A. V.**, Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, the main author, <https://orcid.org/0000-0003-2739-8795>

«Saratov State University of Genetics, Biotechnology and Engineering named after N.I. Vavilov», Saratov, Peter Stolypin Ave., zd 4, page 3, 410012, Russia [andrejperetyatko@yandex.ru](mailto:andrejperetyatko@yandex.ru)

**Kubasheva Zh. K.**, Candidate of Technical Sciences, associate professor <https://orcid.org/0000-0002-4712-492X>

NAO «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan» Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, [kubashevazhanna@mail.ru](mailto:kubashevazhanna@mail.ru)

**Azgaliev Zh. S.**, senior lecturer, <https://orcid.org/0000-0002-4961-3700>

NAO «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan», Uralsk, st. Zhangir Khan 51, 090009, Kazakhstan, [azgaliyev@mail.ru](mailto:azgaliyev@mail.ru)

**Sarsenov A. E.**, PhD, associate professor, <https://orcid.org/0000-0002-0265-0141>

NAO «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan» Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, [sarsenov\\_1966@mail.ru](mailto:sarsenov_1966@mail.ru)

**Uteпов G. N.**, Master of Technical Sciences, Senior Lecturer <https://orcid.org/0000-0002-4144-8253>

NAO «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan», Uralsk, st. Zhangir Khan 51, 090009, Kazakhstan, [mr.galim.61@mail.ru](mailto:mr.galim.61@mail.ru)

**Nurmasheva Zh. B.**, master's student, of the MAATG-21 group, <https://orcid.org/0000-0003-4996-4700>

NAO «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan», Uralsk, st. ZhangirKhan 51, 090009, Kazakhstan, [anurmasheva07@gmail.com](mailto:anurmasheva07@gmail.com)

## **СЗС-2,1 СЕПКІШ- КУЛЬТИВАТОРЫНЫҢ КЕН АЛЫМДЫ СІҢІРГІШІ WIDE-REACH COULTER OF THE SEEDER-CULTIVATOR SZS-2,1**

### **Аннотация**

Мақалада дақылдардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін көптеген міндеттердің бірі келтірілген. Жоғары өнім алу ауыл шаруашылығы үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Аймақтық агротехникалық талаптарға сәйкес келетін және бір өтуде топырақты

қорғаудың бірнеше технологиялық операцияларын орындайтын, соның ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарын себетін машиналарға ерекше назар аударылады.

Кез келген ауыл шаруашылығы дақылын себу кезіндегі ең маңызды сипаттамалардың бірі оларды оңтайлы қоректену ауданымен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын бір біркелкі орналастыру болып табылады. Қазіргі уақытта қолданылатын себу тәсілдерінде өсімдіктердің қоректену ауданы ұзартылған тіктөртбұрышпен ұсынылған, бұл топырақ құнарлылығын ұтымсыз пайдалануға және сонымен бірге дақылдар өнімділігінің төмендеуіне әкеледі. Өсімдіктерді топыраққа біркелкі орналастыра отырып, оңтайлы қоректендіру ауданын алу топырақ асты-шашып себуді жүзеге асыра алатын сепкіш машиналар мен олардың жұмыс органдарын пайдаланған кезде ғана мүмкін болады.

Алайда, топырақ асты-шашып себуге арналған қолданыстағы сіңіргіштердің конструкциялары тұқымдардың тереңдігі мен ені бойынша таралуының қажетті біркелкілігін қамтамасыз ете алмайды, бұл дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Жұмыстың мақсаты өсімдік шаруашылығы саласындағы аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, топырақ асты-шашып себу үшін сіңіргіштерді жасау және оларды жаңғыртуарқылы СЗС-2,1 сепкіш-культиваторымен орындалатын технологиялық процесті жетілдіру жолымен анықталған кемшіліктерді жою болып табылады.

Авторлармен топырақ асты-шашып себу үшін кең қопсытқыш табан негізінде табанды сіңіргіштің конструкциясы, оның жұмыс жасау принципі, сондай-ақ далалық сынақтарды жүргізілген орны, уақыты және қажетті материал мен техникалық құралдарының сипаттамасы ұсынылады. Сонымен қатар өскіндердің пайда болу динамикасын салыстырмалы бағалау, тұқымдарды себудің нақты тереңдігін, өсімдіктердің ауданы бойынша біркелкі таралуын, аудан бірлігінен дақылдың өнімділігін және алынған дақылдың құрылымдық талдауын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу процесі егжей-тегжейлі берілген.

Зерттеулердің нәтижелері бойынша эксперименттік сіңіргіштермен жабдықталған сепкіштің жұмыс сапасына агротехникалық бағалау жүргізілді. Өсімдіктердің қоректену аумағы бойынша біркелкі бөлінуіне байланысты эксперименттік табанды сіңіргіштермен жабдықталған сепкішпен себілген егістіктерде жаздық бидайдың биологиялық өнімділігі сериялық сіңіргіштермен себілген СЗС-2,1 сепкіш-культиваторының егістерінің өнімділігінен 1,5 ц/га артық, яғни 19,5 ц/га құрады.

#### **ANNOTATION**

The article presents one of the many tasks that will increase the yield of agricultural crops. Obtaining a high yield is one of the important tasks for agriculture. Special attention is paid to machines that meet zonal agrotechnical requirements and perform several technological soil protection operations in one pass, including those that produce crops.

One of the most important characteristics when sowing any agricultural crop is the uniformity of the placement of seeds of agricultural crops to provide them with an optimal feeding area. In the currently used methods of sowing, the area of plant nutrition is represented by an elongated rectangle, leading to an irrational use of soil fertility and at the same time to a decrease in crop yields. To obtain an optimal area of plant nutrition with their uniform placement in the soil, it is possible only with the use of sowing machines and working bodies for them capable of carrying out subsurface-scattered sowing.

However, the existing designs of coulters for subsurface-scattered sowing do not provide the necessary uniformity of seed distribution in depth and width, which leads to a decrease in crop yields.

The aim of the work is to eliminate the identified shortcomings by improving the technological process performed by the seeder-cultivator SZS-2.1, by creating coulters for subsurface-scattered sowing and their modernization taking into account zonal features in the crop industry.

The authors proposed the design of a foot coulters for subsurface-scattered sowing on the basis of a wide-ranging cultivator paw with a description of its operation, as well as the place, time, characteristics of the material and technical means necessary for conducting field tests. The process of conducting research on the comparative assessment of the dynamics of the emergence of seedlings, determining the actual depth of seeding, the uniformity of the distribution of plants by area, crop yield per unit area and structural analysis of the resulting crop is given in detail.

According to the obtained research results, an agrotechnical assessment of the quality of the seeder equipped with experimental coulters was carried out. On the crops produced by the seeder equipped with experimental paw coulters, due to a more uniform distribution of plants over the feeding area, the biological yield of wheat was 19,5 c/ha, which is 1,5 c/ha more than on the crops produced by serial coulters of the seeder cultivator SZS-2,1.

*Ключевые слова:* топырақ, тұқым, табанды сіңіргіш, топырақ асты-шашып себу, өскіндер

*Key words:* soil, seeds, paw coulters, subsurface- scattered sowing, seedlings

**Кіріспе.** Жоғары және тұрақты өнім алу ауыл шаруашылығы өндірісі үшін әрқашан өзекті міндет болып табылады. Қазіргі уақытта қойылған міндеттерді орындау үшін химияландырумен, мелиорациямен және ауыл шаруашылығын жаңа өнімділігі жоғары техникамен жабдықтаумен қатар, аймақтық агротехникалық талаптарға сәйкес келетін және танап бетімен бір өткен кезде бірнеше технологиялық операцияларды орындайтын машиналарға ерекше назар аудару қажет [1, 2].

Топырақты қорғау кешенінің арнайы машиналары негізі болатын топырақты қорғау технологиясын практикаға енгізу елдің қуаңшылық эрозиялық-қауіпті аудандарында, атап айтқанда, Батыс Қазақстан облысы да жатады. Аймақтың ерекше топырақ-климаттық жағдайлары ауылшаруашылық жерлерінің бірталай бөлігі жел эрозиясына ұшырайтындығына байланысты жыл сайынғы ауылшаруашылық өнімдерінің жоспарланған көлемде алмауына әкеледі [1, 2].

А. И. Бараев, В. А. Бахмутов, В. Г. Гниломедов, С. А. Ивженко және т. б. ғалымдар нақты топырақ-климаттық жағдайларды ескере отырып, егіншіліктің топырақты қорғау жүйесін енгізудің артықшылықтары мен орындылығын зерттеу жұмысына үлкен үлес қосты. Алайда, кез-келген ауа-райында тұрақты жоғары өнім алу мәселесі әлі шешілмегенін мойындау керек.

Қазіргі уақытта топырақты аудармай өңдеуге арналған машиналар кешенінің технологиялық және техникалық кемшіліктерін жою бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте дәнді дақылдар себетін машиналар мен механизмдерге ерекше назар аударылады.

Батыс Қазақстан облысында СЗС - 2,1 сепкіш-қопсытқышы топырақты аудармай өңдеу әдісін қолданатын себу машиналарының арасында көшбасшы болып табылады. Бірақ оны өсімдік шаруашылығында қолдану жұмыс сапасын едәуір нашарлататын бірқатар кемшіліктерін анықтады, әсіресе ылғалдылығы жоғары топырақтарда (18% - дан астам), топырақтың жұмыс органдарына жабысып қалуына және оның едәуір жылжуына байланысты, қарық пен жалдардың түзілуіне, дымқыл қабаттарды танап бетіне шығаруға әкеледі. Алайда, кемшіліктермен қатар, сепкіш-культиваторларды қолдану әдеттегі себу тәсілдерімен салыстырғанда тиімдірек екендігі анықталды, өйткені бұл жеке технологиялық операциялар арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді, себу мерзімін қысқартады, ал дәнді дақылдардың өсімдіктері топырақтың алғашқы көктемгі ылғалдылығын жақсы пайдаланады [1 -10].

Идеалды жағдайда, өсімдіктің қоректену ауданы шеңбер түрінде болуы керек. Бұл дегеніміз, өсімдік белгілі бір аудан шеңберінің ортасында орналасады және қоректік заттарды барлық бағыттардан біркелкі алады. Дегенмен, қазіргі уақытта қолданылатын себу тәсілдерінің көпшілігінде қоректену ауданының пішіні ұзартылған тіктөртбұрышпен ұсынылады, бұл құнарлы топырақты біркелкі пайдаланбауына әкеледі және дәнді дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне алғышарттар жасайды.

Тұқымдарды танап ауданына біркелкі тарату әрекеттері бұрында жасалған, бірақ топырақ асты-шашып себудің кеңінен қолданылуын кешейлетуіне негізінен екі фактор әсер етті: жұмысқа қабілетті сіңірігіштердің конструкциясының болмауы және тұқымдарды танаптың бүкіл ауданы бойынша біркелкі таратудың мүмкін еместігі.

Топырақ асты-шашып себуге арналған қолданыстағы себудің негізгі кемшіліктерінің бірі-тұқымдардың себу ені бойынша жеткіліксіз қашықтығы, қиысқан қатараралық санының көбеюіне, нәтижесінде тұқымдар себілмеген танап ауданының ұлғаюына және өсімдіктердің біркелкі таралуының төмендеуіне әкеледі [1-10].

Қосымша шығындарсыз аймақ пен дақыл үшін оңтайлы себу нормасымен себу кезінде танап ауданы бойынша тұқымдардың біркелкі үйлесімді таралуы, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы түсімнің төмендеуін болдырмау мақсатында сепкіш-культиваторлардың технологиялық процесін жетілдіру, атап айтқанда, топырақ асты-шашыпсебуге арналған сіңіргіштерді жасау және егіншіліктегі аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, оларды жаңарту бірінші кезектегі міндет болып табылады. Сондықтан біз біріктірілген агрегаттарда қолдануға болатын алымы кең сепкіш-культиваторынегізінде топырақ асты-шашыпсебуге арналған жебе табанды сіңіргіштің конструкциясын ұсынамыз (№35689 пайдалы модель патент) [1].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Сіңіргіш жебе табанынан 1 (1-сурет), серіппелі доғалы тірек 2 көмегімен рамаға бекітілген (суретте көрсетілмеген), ұштықтан 3, тұқым өткізгіштен (немесе пневматикалық тұқым өткізгіші) 10 және тұқымдарды бағыттаушы-таратқыштан 9 тұрады. Тұқым өткізгіштің ұштығы илудің сыртқы жағында тормен 11 жабылған терезеге 4 ие (пневматиканы қолданған жағдайда), ал шашу камерасына 6 кіре берісінде ұштық 3 оның шығатын жерінде тесік 8 тұқым бағыттаушы-таратқыш 9 бетінің жоғарғы бөлігін 180 градус бұрышта эквидистантты жабатын бұйра қимасы болатындай етіп жасалған.


Тұқым бағыттаушы-таратқыш 9 координаталар осі жүйесінде  $xOy$  арақатынасына жауап беретін үшінші ретті қалыптастырушы қисықтың айналу беті түрінде орындалған

$$y = \frac{a}{x^2 + b}, \quad (1)$$

мұндағы  $a$  және  $b$  – тұрақты шамалар ( $a = 40-42$  және  $b = 4...4,2$ ).

Бағыттаушы-таратқыштың төменгі бөлігінің радиусы жебе табанының 1 алым енінің  $0,25...0,35$  бөлігін құрайды.

Тұқым бағыттаушы-таратқыштың 9 бетінде тұқымдардың таратқыштың артқы жағынан түсуіне жол бермейтін шағылыстыратын буылтық 12 орнатылған [11].



Сурет1 – Жебе табан сіңіргішінің сұлбасы:  
*a* - негізгі түрі; *б* - *A-A* қимасы; *в* - *B-B* қимасы

Сіңіргіштің жұмыс жасау принципі. Жебе табаны 1 тұқым себу тереңдігінде қозғалыста болған кезде, топырақ төменнен кесіліп, уатылып, оған көтеріліп, табанның 1 астында тұқым шашу камерасын 6 құрайды. Тұқымдар гравитациялық тәсілмен немесе ауа ағынының көмегімен тұқым өткізгіш 10 арқылы тормен 11 жабылған терезесімен 4 ұштыққа 3 жеткізіледі.

Пневматиканы қолданған жағдайда, ауа-тұқымды қоспасы терезеге 4 жетіп, екі бөлікке бөлінеді: ауа ағынының көп бөлігі терезеге 4 түседі, ал тұқымдар ауа ағынының қалған бөлігінің, инерция күштерінің және гравитациялық күштердің қысымымен тордан 11 өтпей, ұштық бойымен мәнерлі шығу тесігіне 8 қарай жылжиды.

Тұқым шашу камерасы 6 кірісіндегі ұштық 3 оның шығатын тесігі 8 тұқым бағыттаушы таратқыш 9 бетінің жоғарғы бөлігін 180 градус бұрышта эквидистантты жабатын пішінді

қимасы болатындай етіп жасалғандықтан, тұқымдар оның бетіне біркелкі бөлінеді. Тұқым таратқыштың артқы жағынан тұқымның түсуіне шағылысатын буылтық 12 жол бермейді.

Сіңіргіштің шашу камерасы 6 үстінен қақпақпен 5, қанаттармен 7 және табанның басқа элементтерімен жабылған. Тұқымдар топырақ түбіне жеткеннен кейін, олар қанаттар 7 мен қақпақтардан 5 түсетін борпылдақ топырақпен жабылады. Бұл өскіндер мен өсімдіктердің одан әрі өсуіне қолайлы жағдай жасайды [1, 11].

**Зерттеу нәтижелері.** Топырақ асты-шашыпсебу үшін эксперименттік сіңіргіштердің жұмысын теориялық зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын тексеру мақсатында сериялық сіңіргіштермен салыстырумен далалық сынақтар жүргізілді. Сынақтарды жүргізу үшін СЗС–2,1 сепкіш-культиваторы кезекпен эксперименттік және сериялық шығарылатын табан сіңіргіштермен жабдықталды [1, 12, 68-80 бб, 13].


Сынақтар салалық стандарттарды, МЕМСТ пен әдістерді қолдана отырып жүргізілді [1, 13-16, 17-22]

Топырақты себуге дайындау аймақтың агротехникалық талаптарына сәйкес жүргізілді. Сынау үшін таңдалған учаскесіне топырақ түрі, бедері, алдыңғы өңдеу туралы және топырақтың ылғалдылығы мен қаттылығын көрсететін сипаттама жасалды.

Топырақтың ылғалдылығы мен қаттылығын анықтау, сепкіш агрегатын берілген себу нормасына және тұқым себу тереңдігіне реттеу жалпыға белгілі әдістерге сәйкес жүргізілді [14-16].

Зерттеулер 2022 жылдың мамыр айында Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, «Донсков» шаруа қожалығында жүргізілді.

Танапты себу сериялық сіңіргіштері тұқым бағыттаушы-таратқыштармен жабдықталған эксперименталды табан сіңіргіштеріне ауыстырылған СЗС-2,1 сепкіш-культиваторы базасында жүргізілді (2, асурет). Дақыл түрі-жаздық бидай, «Волгуральская» сұрыпы, себу нормасы 130 кг/га.



Сурет 2 – МТ380+СЗС-2,1 сепкіш агрегаты:

- а-эксперименттік табан сіңіргіштерімен жабдықталған СЗС-2,1 сепкіш-культиваторы;
- б - эксперименттік бағыттаушы-таратқышы; в-СЗС-2,1 сепкіш-культиваторының рамасына эксперименттік табан сіңіргіштерді орналастыру сұлбасы

Зерттеу барысында 2, бсуретте келтірілген эксперименталды табан бағыттаушы-таратушымен жабдықталған тұқымдардың танап ауданы бойынша таралу сапасы бағаланды, ал салыстырмалы түрде бақылау үшін сериялық сіңіргіштері орнатылған СЗС-2,1 сепкіш-культиваторы қабылданды. Эксперименттік сіңіргіштер сепкіш-культиваторының рамасына [1, 2] әдебиеттер бойынша ұсынылған іргелес тіректердің осьтерінің арасындағы қашықтық 380 мм құрайтын үш қатарға орналастырылды. Сіңіргіштердің орналасу сұлбасы 2, в суретте көрсетілген.

Өскіндердің пайда болу динамикасы (3, а және бсурет) тәжірибе учаскесінің диагоналі бойынша орналасқан өлшемі 0,5×1 м<sup>2</sup> үш есептік алаңда өсіп шығу мезетінен бастап анықталды. Күн сайын белгіленген уақыттарында әр есептік алаңдағы өсімдіктер санының көбеюімен, олардың толық өсіп шығуына дейін (ауыл шаруашылығы зиянкестерінің жойылғанын ескере отырып) есептелді. Бақылау екі–үш күн ішінде есептік алаңдарындағы өскіндер саны қайталанып немесе бір – екі өсімдікке көбейгеннен кейін жүргізілді.



*a*



*б*

Сурет 3 – Өскіндердің пайда болу динамикасын салыстырмалы бағалау

